

712.  
НЫҒМЕТ ҒАБДУЛЛИН

3238

# МЕНИҢ ДОСТАРЫМ



АЛМАТЫ 1951

НЫҒМЕТ ҒАБДУЛЛИН

М Е Н І Қ  
Д О С Т А Р Ы М

*Әңгімелер жыйнағы*



Северо-Казахстанская областная  
БИБЛИОТЕКА  
город ПЕТРОПАВЛОВСК

ҚАЗАҚТЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ—1951

3238

58



## Барлаушы профессор

Баяу ескен жазгы жылы жел көк-жасыл терек ағаштарының жас бұтағын дiр-дiр еткiзедi. Оның жайқалған жапырақтары бiр-бiрiн қағып, ойнап, сыбырласып тұрғандай. Ағаш арасына еркін бойлай өскен алуан түрлi шөптер де бастарын төмен иiп, теңселiп тұр. Кей араның шөбi тапталып, сарғая бастаған. Қуаң тартып ұйысқан шөп әлi қау көрiнедi.

Үстерiне көкала халат киiп, ағаш шетiнен алыста мұнартып көрiнген село жаққа ұдайы көз тiгiп, төңiректi барлап, қадағалап қарап жатқан кең маңдайлы, селдiр мұртты, караторы, зор денелi, мосқалдау адам өзiне таяу жатқан талдырмаш, орта бойлы, аққұбаша жас жiгiтке:

— Сонау алыстағы жалғыз қараны көрдiң бе? — дедi салмақты қоңыр дауыспен.



Көріп жатырмын. Тура селодан шықты. Беті осылай қарай, — деді ол шапшаң сөйлеп.

Көптен жаңбыр жаумағандықтан қаңсып, шаңдары бұрырап жатқан түп-түзу қара жолмен бір мотоциклші зырлап келеді. Жол селодан басталып, бұлар жатқан қалың ағашты өліп өтіп, одан әрі терістікке қарай созылып жатыр.

— Мотоциклші... Бұған не істеу керек? — деп жас жігіт асығыстық білдіре бастады.

— Саспа, балақай, — деді оның жолдасы — әлі алыс. Бір жағына бұрылып кетуі мүмкін. Артын күту керек. Бізге тамақ жалғыз өзі келсе, ол бөлтірікті соғып алу оңай.

— Анық көріп жатырмын. Беті тура осылай.

— Тоқта. Бұйрық, — әбден жақындағанша күту. Оның соңында бүтін рота болуы ғажап емес. Анықтап байқау керек.

Жан-жағына көз салмастан түзу жолмен ағызып келе жатқан мотоциклшінің бағытын моқал адам қадағалап, көз айырмай қарайды.

— Рас, жалғыз келеді, — деді ол әлден уақытта. — Беті осылай көрінеді. Ол кәзір ағаш арасындағы осы жолмен өтеді.

Мотоциклші жақындап та қалды. Оның түр сыпаты енді анық көрінді. Қәдімгі бөрі тұмсық, шүңірек, қызыл көзді фашист. Мотоциклінің алдына қол пулеметі орнатылған. Алдыңғы топқа жетуге асығып бара ма, әлде бір ерекше бұйрық алып келе жатыр ма, ең даланы мотор гуілмен жаңғырықтырып, есі кеткендей қатты жүргізіп келеді.

Моқал адам жас жігітке: «Бері жүр», — деп белгі бергендей, қолымен ым қақты да, өзі кейін шегініп, жуан, қарт қарайдың басына барып тұрды.

— Партизанның жолбарыс қыймылы енді керек, — деді ол тез бұйыра сөйлеп. — арқаныңды даярла. Болдың ба? Қане, менің соңымнан ер. Оны кәзір тұзаққа түсіреміз. Бұл — мұндай жауды оңай қолға түсіретін айлалы әдіс.

Екі барлаушы ағаш арасынан өтетін жолға лезде жүгіріп барып, жата-жата қалысты. Жас жігіт арқанның бір ұшын жолдасына қалдырып, өзі жолдың екінші жағына жүгіріп өтіп, бір топ биік талдың арасына барып жасырынды.

Мотоциклші неміс жолмен ағаш арасына сүңгіп кіріп те кетті. Оқғай аққан күйі бір топ талдың қасынан өте бергенде, қарсы алдынан ғажайып арқан керіле қалды. Оның маңына

бұрылып қарауға да мұршасы келмеді. Керілген арқан кеудеден соғып, шалқасынан түсірді. Көзді ашып, жұмғандай да уақыт өткен жоқ, құлаған немістің кеудесіне біреу мініп те қалды. Бұл москал жігіттің қыймылы еді.

— Ах, шайтан, қайда баруға асығып едің? — деді ол фашистің алқымынан езіп жатып.

Жау мінген мотоцикл иесінің тақымынан сытылып шығып, бұлғақтап тулай жөнелген күйі жуан қайыңға барып соғылып, жалп етіп құлағанымен мотор қанәзімде, тоқтай қоймағандықтан артқы дөңгелегі жер теңкілеп, мәңкін жатыр.

— Бұл менен кұтылып кете алмас, өмір анасының үшін! — деді москал адам жас жігітке.

Жас жігіт жүгіріп барып мотоциклдің моторын тоқтатып, жолдан сүйреп шығарды да, жолдасының қасына қайтып келді. Қолға түскен неміс офицері екен. Қармаққа ілініп, құрғаққа шыққан балықтай шоршып, тулап, қолын байлатпай жатыр. Айқайлауға шамасы жоқ. Москал партизан қалтасында әрдайым дайын жүретін ақ шүберегімен офицердің аузын мықтап тығындап тастапты.

— Қарай көр, бұл жауыздың бұлқынуын! — деп жас партизан жолдасына көмектесіп, жау аяғын баса қалды.

Бұлар қолға түскен жаудың қолын мықтап байлап, тізгіндеп алып, орнынан тұрғызды. Офицердің сұп-сұр болып өні қашып кеткен екен. Партизан тұзағына ілігу деген ой онда болмаған еді. Кеше ғана селодан кетуге үлгірмей қалған қарапайым совет адамдарын азаптап өлтіріп, үйлерін өртеп, қан жалап, жалаңдаған аш бөрі, енді міне қаражүз болып қолға түсті. Румыния, Польша, Чехословакия жерін аштық пен өлімнің азабына салып, темір крес алған фашист, енді алып орманның ғажайып адамдарының алдында тұр.

Москал партизан оған түйіле қарап:

— Бұлай болар деп ойламаған боларсыз, ә? — деді кеңесін үнмен. — Саған күтпеген қонақ болып жолықтық-ау деймін. Оқасы жоқ. Өзіңнің офицер чинін алғаннан бергі істерің туралы бізге есеп бересін.

Офицер оның сөзін жаратпағандай москал партизанға қабағының астымен түйіле қарады. Қабаған иттей желкесі күжірейіп, қасы жыйырылып, булығып тұр.

— Естідің бе? — деді жас партизан жолдасының сөзін қайталап. — Бізге есеп бересін!

Офицер оны менсінбегендей ежірейе бір қарап, теріс айтады.

Ей мырза, өз солдаттарыңа көрсететін кереметінді бізге көрсете алмайсың! Бұйырамын, бері қарап, тұзу тұр! Жылдам! — деп жас партизан әмірлі дауыспен офицерге шүйіле түсті. Дәл осы сәтте оның жас жүзі ашумен қызарып, жауға қатыл, айбарлы, досқа сүйкімді, ажарлы болып көрінді.

— Есеп бересің деймін, естідің бе? — деді ол тағы да.

Офицер үнсіз табандап тұр. Бұл жолы жас партизанға тұра қарай алмай, басын төмен салбыратып жіберді.

— Көп тұруға болмайды. Тез штабқа жеткізу керек мұны, — деп мосқал партизан манадан бергі сөзге түйін жасады да: — Сен мотоциклді алып жүр, мына өгізді мен жетелейін, — деді жолдасына.

Бұлар штабқа келгенде, партизан отрядының командирі түнгі жорықтың жобасын қарап отыр еді.

— Командир жолдас! — деді мосқал партизан кірген бойда. — Баяндауға рұқсат етіңіз.

— Айтыңыз.

— Село төңірегінде ешбір өзгеріс болған жоқ. Селодағы жау жайбарақат көрінеді. Бүгінгі олжамыз неміс офицері және бір мотоцикл. Алдыңғы позицияға бара жатқан бетінде ағаш арасында, жолда ұсталды. Өзін штабқа алып келдік.

Командир оның сөзіне разы болып, істеріне шын сүйініп:

— Менің сендердеп күткенім де осы еді, — деді жымыйып күліп, — жігіт екенсіңдер! Неміс армиясының сырларын енді өз адамына айтқызамыз. Офицерді осында келтіріңіз.

Мосқал партизан тез сыртқа шығып, неміс офицерін манадан күзетіп тұрған жас жігітке:

— Бері алып кір, — деді.

Манағыдай емес, жуасып қалған офицер командир отырған жер астындағы бөлмеге аяғын ептеп басып, қалтырап, қорқа кірді. Қолға түскен адамға өздерінің қолданатын әдістері есіне түсіп: «Мені ұрады екен», деп ойлады.

Жас партизан:

Бас аяғыңды! Біз сені, ұрмаймыз, тезірек жүр. Бізге есеп бересің, — деп асықтырып қойды.

Мосқал партизан өзінің қарт командирінен ащы солдат темекісін алып, мүштүгіне салды да, тысқа шығуға оқталды:

Мен жігіттерге барайын.

— Аманғалиев жолдас, — деді командир оны бөгеіп, — үйіңнен хат бар.

— Хат? — деді Мәжит Аманғалиев қуанып. — Қане!

Оның үйінен хат алмағанына 7 — 8 айдай уақыт болып қалған-ды. Командирдің аузынан шыққан «хат» деген сөз оған бүкіл туған өлкесі көшіп келгендей, жас сәби ұлы еркелей сөйлеп тілдескендей, әйелі назды сырын айтып, күйеуіне сүйкімді сағынышты көзбен мөлдіреп қарап тұрғандай көрініп, ерекше бір шаттыққа бөледі. Үйішін сағынған жүрек тағат етпей, жиі соғып, алып ұшты. Хат қолына тигенде денесі ысығандай өңі қызарып, конверт сыртындағы жазуға асыға көз жүгіртті. Баласынан келген хабар. Бала қолынан шыққан төрт бұрышты кішкене хат ұзақ жол жүріп, Белоруссияның қалың ормандарының біріндегі партизанға келіп тұр.

Ол сәбиінің хатын көкірегіне басқан күйі сыртқа жүгіріп шықты. Биік емен түбінде автоматын тазалап отырған партизанның қасына келді де, арқасына айқара асынып алған мылтығын да алмастан, жантайып жата кетіп, хат оқуға кірісті.

«...Көке, мен сені өте сағынып қалдым! Сенің соңғы хатыңды апам екеуіміз бірнеше рет оқып шықтық. Ағаштың басында отырған немісті қалай тез көріп қалдыңдар, көке? Мен қатты қуандым. Апам да сені мақтады. Мен сенің хатыңды өзімнің жолдастарыма да оқып бердім. Біз бәріміз қуандық.

Көке екеуіміздің шиіе теруге барғанымыз есінде ме? Сенің қолыңда қосауыз мылтық бар болатын. Біз ағашқа жете бергенде, бір үлкен қара құс қайта-қайта төмендеп, құрдың киікентай балапандарын жегісі келіп еді ғой. Үлкен құр оған қарсы ұмтылып, балапандарын арашалап соғысқан. Сонда сен мылтығыңды алып қара құсты атып жібергенсің. Ол жерге топ ете түскен. Немістің самолетін солай атып түсірдің бе, көке?

Көке, бізде көп жаңалықтар бар. Біздің үшінші кластың балалары жақсы оқыйды. Бізге кеше мұғалім жаңа өлең үйретті. Біздің пионер вожатыйымыз маған Маршактың өлеңдер жыйнағын сыйлыққа берді. Кеше «Пионер» журналынан «Менің әкем батыр» деген өлең оқыдым. Сен батыр болдың ба, көке? Сенің жолдастарыңа посылка салу үшін апам базардан әлдеқашан бір қазы сатып әкеліп, сүр қылып қойды. Көке, мен ылғый күтемін сені. Екінші класты бітіргенде алған грамотамды сенің суретіңнің қасына іліп қойдым. Мен

сені жақсы көремін. Гитлерді қашан жеңесіңдер? Сені тез қорғым келеді».

Мәжит ұлының хатын қуана оқып шықты. Бала сөзінің ұзақ жолып есіне түсірді.

Мәжит ауыл шаруашылық институтының профессоры еді. Бір күні аудандық партия комитетінен үйге қуанып қайтты. Әкесінің асығып келе жатқанын терезеден көзі шалып қалған баласы Алмас есік ашып, қуанып қарсы алған-ды. Әке жайып түсінен таный алмаған бала:

— Көке, — деді төргі есіктің тұтқасын бір қолымен ұстап тұрған күйі еркелей сөйлеп.

— Тілегім орындалды. — деді Мәжит жымыйып күліп.

Ол баласын құшақтаған күйі жоғары көтеріп, үй ішінде әрлі-бәрлі баппен аяңдап жүрді де, оң жақтағы диванға барып отырды. Ұлы оң тізесіне мінгізіп отырғызды да, жайлап сөйледі.

— Аудандық партия комитетіне бардым. — деді баяу қоныр дауыспен.

— Сонсоң, — деді баласы асыға сөйлеп.

Баласы әкесінің айтайын деген сөзін тез естіп білгісі келіп отыр.

— Сонсоң партия комитетінің секретарына өз жайымды баяндадым. Мен жолықтастан бұрын жазған өтінішімді ол оқып, танысқан екен. Мен оған тура былай дедім: азамат соғысы кезінде талай-талай қырғын майдандарға қатысқанмын. Еліме жау тигенде, үйде шыдап отыра алмаймын. Сізден майданға жіберуіңізді сұраймын.

— Ол не айтты?

— Секретарь менімен ұзақ сөйлесті: тілегімді қабылдады. Бүгін қамданып, ертең майданға жүремін.

— Оһо, көке, өзің батыр екенсің ғой! Майданға барасын. Гитлердің солдатымен соғысасын.. Ой, бәрібір, оның саған шамасы келмейді. Көке, сенің есінде ме? Өткен қыста базардан қайтып келе жатыр едік қой. Бір әйел арбасын аударып алып, картоп тиелген қаптарын қайта көтеріп арбасына сала алмай жатқан. Қаптары керемет үлкен еді ғой, ие?

— Алмас-ау, сен соны әлі ұмытқан жоқсың ба? — деді Мәжит күліп. — Рас қаптары тым үлкен болатын. Әрқайсысы 6-7 пұттан болар деп ойлап едім.

Мен көтере алмайтын болған соң саған қарап тұрдым



ғой. Сен жылдам-жылдам көтеріп, арбасына барлығын жалғыз өзің тиеп бердің ғой. Тіпті маңдайыңнан тер де шыққан жоқ болатын. Саған ешбір жаудың шамасы келмейді...

Мәжит Алмастың сөзіне разы болып қатты күлді.

— Немене? Рас айтам, саған шамасы келмейді, — деп Алмас ыңғайсызданып қалды.

— Міне, міне, маған осы сөзің ұнайды! деді әкесі қуанып.

Мәжит келесі күні майданға жүріп кетті. Ол қолшасарда Алмасты көкірегіне қатты қысып, қушақтан тұрып, маңдайынан сүйді де:

— Халық жауын Отан жерінен қууга аттанып бара жатырмын. Сейдердің бақытты болашағыңды қорған қалуда, Отан үшін, ел үшін жан-тәнімді аямай күрес жолына салуда кетіп барамын! Жау жеңіледі. Мен аман қайтып келемін. Екеуіміз тағы да демалыс күндері ұзақ әңгімелесіп отыратын боламыз, — деді.

Бұл әке мен баланың ұзақ уақытқа айырлысуының қаймастық бір минуті еді. Мәжиттің жүрегі елжіреп, даусы қалтырап шықты. Алмастың лып-лып соққан кішкене жүрегінің лебін көкірегіне берік ұялатқысы келгендей, оны бауырына қатты қысып, тағы да бірнеше рет бетінен сүйді.

— Қашан келесін? — деп сұрады Алмас Мәжиттің жүзіне зор сеніммен қадала қарап.

— Тез келемін. Жеңіспен ораламын! — деді әкесі.

... Мәжит қызыл тулы Н полкына жіберілді. Үстіне қатардағы совет солдатының сұр шинелін киіп, шығына винтовка асынған күні-ақ оған әскери котелок, су қуйып алатын шағын құты берілді. Ол майдан даласындағы солдаттық өмірге тез үйреніп кетті.

Мәжиттердің ротасы январь айының аязды күнінің бірінде тау етегінде кішірек қалаға келіп орналасты. Соғыс болып жатқан жердегі алыстан атылған зеңбіректің даусы, жарылған снаряд дүмпуі құлаққа тынымсыз естіледі. Рота әлі де соғысқа қатысқан жоқ.

Мәжит барлаушы болды. Бұл оның азамат соғысы кезіндегі жауынгерлік мамандығы болатын. Бірнеше күннен кейін рота ілгері жылжыды. Солтүстік-батыс бағытқа барлаушылар жіберілді.

Қолдың саласындай жиі өскен қарағайлы қалың орман

кішірек көлді үш жағынан коршап тұр. Көлдің ағашсыз, жала-наш беткейінде екі барлаушы алға қарай еңбектеп, жылжып келеді. Бір кезде кідіріп көлдің арғы бетіне, ағаш арасына көз жіберді. Бұларға кешеден бері жаудың алдыңғы шебіне бастырмай қойған жау мергенін құрту міндеті тапсырылған.

Қол көлемі кішкене болғанымен, одан арғы бетке өту қиын. Айнадай жалтырап жатқан көкшіл мұз. Ал мұздың бетінде барлаушыларды жасырарлықтай бір түйір қар, не шок камыс жоқ.

Екі барлаушы жағаға енді жете бергенде, қарсысындағы ағаш арасынан атылған жау оғы үстерінен зу ете түсті. Екеуі де жер бауырлап жата қалды. Жау тағы да қатарынан екі рет атып жіберді. Барлаушылар бұл атылған неміс мергенінің оғы екендігін бірден-ақ біле қойды. Оққа ұшқан адамша аунап түсіп, тырп етпей жатып қалды. Жау мергені бұларды өлгенге жорыды.

Барлаушы қауыпты мергенді көре алмады. Күн батуға жақын қалды. Кейін қайтатын уақыт та таяу. Олар әлі қозғалмастан жау мергенін аңдып жатыр.

Қар жамылған әр бұтаға қадала қарап жатқан Мәжитке бір мезетте биік қарағайдың жіңішке, нәзік бұтақтарының бірі оқис дір етіп, қозғалғандай болды. Жел жоқ. «Тиін қозғалтты ма мұны?» — деп ойлады, Мәжит. Сезікті бұтақтың қайта қозғалуын күтіп, аңдй қалды. Аз тым-тырыс. Мәжит жаңа көрді, биік қарағайдың жапырақтары түспей қар жамылып, ұйысқан жні бұтақтарының арасында ғажайып үкен бір құс қонақтап отыр.

— Ана кереметті көрдің бе? — деді Мәжит жолдасына. Оның қараторы жүзіне өз ісіне сүйініп, жау айласын мысқыл еткендей айбарлы солдат күлкісі пайда болды. — Оның дегені бола қоймас! — деп Мәжит сыбыр етті де винтовкасын оқтала жау мергенін тура нысанаға алды.

Мылтық атылды. Қарағайдың жуан бұтағын тұғыр етіп, қонақтап алған фашист құзғыны шалқалай беріп, төмен құлап кетті. Неше күндей ақысыз қонған жау солдаттынан пұлын алып қалғысы келгендей, қарағайдың бұтақтары оны жақтан осып, сілкілеп, жерге зорға түсірді.

Неміс мергенінің үні өшті. Бұдан кейін барлаушылардың алгері жылжуына қауыпты кедергі кездескен жоқ...

Барлау сапарынан қайтқан бетінде барлаушы профессор

баласына хат жазды. Бір күнгі жауынгерлік тапсырманы қалай орындағанын баяндай келіп, өздерінің ұзақ уақыт отырып, атып түсірген неміс мергенінің жайын айтты. Сол күні ол, өзі оқытқан студенттеріне де сәлем хат жолдады.

«...Сендер біздің профессорымыз қайтып келе ме, келмей ме деп, ешбір күдіктенулеріңізге болмайды. Кең аудиторияда кеңесіп отыратын қызықты сағатымыз, жыл құсындай, қайта айналып келеді. Сендер лекция үстінде маған қанша көп сурақ берсеңдер, майдандағы оқытушыларыңа сонша хат жазып тұрыңдар. Мен сендердің әр сөздерің үшін есеннен жауға оқ атудамын. Сендердің білімге ынтыға сөйлеген сөздеріңді мен күнде естіп тұрғандай боламын. Мен сол үшін де жауға оқ атуға тиістімін, студенттерім...» деп аяқтаған хатын.

Бір күні Мәжиттерге жау тылына өтіп, тіл әкелу тапсырылды. Бұл — соңғы әртүрлі мәліметтердің қортындысын шығаруға полк үшін өте қажет жұмыс еді. Мәжиттің Ұлы Отан соғысына қатысқаннан бергі алған ең жауапты, әрі қызықты жауынгерлік тапсырмасы осы болды.

Қыстың суық күні. Жауды ұстаушылар тобы алда келеді. Бұлар төрт адам. Арттарында оларға көмек беруші жауынгерлер тобы бар.

Терістіктен суық жел үскіріп тұр. Қар борай жауып тұр. Гүнерген түн қараңғылығы ілгері жылжыған төрт барлаушының алды-артын тұйықтап, түк көрсетпейді. Жел бірде баяулап, бірде қайта екпіндеп, өршелене түсті. Бір кезде ішін тартып, өксіп жылағандай болады, кейде ысырады.

Екі барлаушы алда еңбектеп келеді. Бірі — Мәжит, екіншісі — оның майдандас жолдасы, Отан соғысына дейін паровоз депосында слесарь болып істеген уфалық татар жігіті Рамил Хафизов.

Рамил жас болса да соғыс өнеріне жетік, әрі епті. Оны жақсы барлаушы етіп тәрбиелеген Мәжит. Рамилдің өжеттігін өңінен біліп, ептілігі мен шапшаңдығын алғашқы көрген сағатта-ақ таныған Мәжит: «Нағыз барлаушының мінезі бар өзінде!» — дейтін жолдастарына. Рамилге барлаушылардың шебер әдістерін үйретті. Бұтасыз биік ағашқа қалай өрлеудің, жау сезіп қалған жағдайда оңай жалтарудың, соңынан түскен қуғыншыны ізінен тез адастырып кетудің айдаларын да үйретті. Рамил аз күннің ішінде-ақ Мәжитке сенімді, батыл серік болып алды.

Барлаушылар жау тылына ұзап кіріп кетті. Межелі жерге де жеткендей. Тура алдарында жаудың штабы тұр. Күзетші неміс солдатаның қарды сықырлата жүрген дыбысы да анық естіледі.

— Сақтан, балақай, өте жауапты кезең туды! — деді Мәжит жанында жатқан Рамилге сыбырлап.

Барлаушылар немістер бекінген шағын поселканың сол жағындағы терең сай бойымен келген. Бұл маңның ой-шұқыры оларға мәлім еді. Штабтың неше терезесі барлығы, есігі қай жағында екеніне дейін күні бұрын зерттеп, біліп алған-ды.

Барлаушылар үстерінде, бірыңғай қар түстес, ақ халат бар. Боран әлі де толастаған жоқ. Жел жаңа жауған ұлпа қарды үйіріп әкеп, бұлардың аузы-мұрнына, қойын-қоншына тығды. Алдын орап, түк көрсетпей, бұрқыратып кетеді. Барлаушылар қанжарларын жалаңаш қолдарына ұстап, күзетшіге таман елбектеді. Жер бауырлап, жайлап жылжыйды. Екі-екіден бөлініп, күзетші немісті екі жақтан қыспаққа алғалы келеді.

Басын қаппен орап алып, мылтығын қолтығына қыса ұстаған неміс, біресе терезе жаққа барып, біресе қақпа алдына қайта келіп, тынымсыз арлы-берлі жүреді. Бір кез үйдің екінші жағын айналып, шолып келеді. Сірә, неміс командованиесінің бүгінгі түні бұйрығы тым қатал болу керек. Дірдектеп тоңып та жүр. Бойын жылытқысы келгендей, аттаған сайын аяқтарын бір-біріне соғыстырып қояды.

Қос барлаушы араларын сәл алшақ ұстап, оған жақындай түсті. Істің түйінін шешетін жауапты минут та жетті. Тықыр естілсе болды, аңдып тұрған жау бұларды атады да тастайды. Барлаушылар өздеріне орайлы кезенді күтіп әлі жатыр. Күзетші неміс бір кезде бораннан ықтап, теріс айнала бергенде. Рамил жолбарысша атылып, тап берді. Секіріп барып, бір қолымен немістің көнтек аузын мұрнымен қапсыра ұстаған күйі. Екінші қолындағы ұшты қанжарды тұтқасына дейін жаудың өндірішегіне бойлатып жіберді. Немістің ұншығаруға да шамасы келмеді. Рамил оның орнына күзетші болып тұра қалды.

Штаб екі бөлмелі еді. Мәжит аяғын андап басып, ауызғы бөлмеге жайлап кірді. Төргі бөлмеден неміс арағының ащы иісі мұрнына келді. Даусы қарлыққанша айқайлап, даурыға сөйлеген біреудің жуан даусы естіледі. Іштегі адамның аздығын біліп, Мәжит төргі бөлмеге, есікті шапшаң ашып кірді. Ортада дөңгелек стол тұр. Оның үстінде шағынырақ карта

жатыр. Ұзын мойын арақ шынылары мен консерві қаңылтырлары да, штабтың соғыс жоспары жазылған көп қағаздардың арасынан кұрметті орын алыпты.

Столдың бергі шетінде отырған неміс офицері артына бұрылып қарағанша, Мәжит оған секіріп келіп, дәл жүректен қанжар салды. Екілене сөйлеп тұрған адам аласа бойлы жуан обер-лейтенант екен. Ол ақ халатты киген ғажайып адамы байқап қалған сәтте-ақ, көзі қапталап, нағанына жармасты. Бірақ атуға үлгірмеді. Мәжит жолбарысша атылып барып, өңменінен соғып, талдырып құлатты, үн шығаруға да шамасын келтірместен, шүберекпен аузын тығындап тастады. Лейтенанттың жалпақ белбеуін ағытып алып, тұзақтап мойнына кигізді де, нағанын алып, өзінің қалтасына салды.

Мәжит мықыр келген жуан офицерді орнынан көтеріп тұрғызды. Есін жаңа ғана жыя бастаған обер-лейтенант көзін алақ-алақ еткізіп, барлаушыға бірер қарап қалды. Ол есік алындағы күзетшінің де өз солдатты емес екенін көрді.

— Бір мес екен өзі, қызық!.. — деп күлді Мәжит домаланған семіз офицерді, аяқ-қолын байлап, сыртқа көтеріп алып шыққан бетінде Рамилге. — Не жеп семіре берген, доңыз!

Барлаушылар жуан офицерді тұмылдырықтап алып, келген іздерімен тулақша сүйрете жөнелді.

Осы жолғы ерлігі үшін Мәжитке жауынгерлік Қызыл Ту ордені берілді.

Арада көп күндер өтпей-ақ рота ауыр жағдайға тап болды. Барлаушы Мәжит пен Рамил түнгі барлауға кеткен беті қайтып оралмады. Қайда кеткенін кім білсін? Жауынгерлер өздерінің батыр жолдастарының мезгілінде келмегеніне қатты қайғырды. Олардың анық хабарын рота кейін естіді. Оқығанда былай болған еді.

Н селосына бекінген немістерге тылдан қосымша күш келіп жатқан хабары анықталды. Олар село маңынан дзоттар орнатып, берік траншеялар қазды. Ауыр артиллериялары да үсті-үстіне келіп жатты. Ірі шабуылға дайындалып жатқан сыяқты.

Үш барлаушыға осы бағытта барлық жаудың ірі күштерінің қай араға топталғанын, оқ ататын орындарының, қару-жарақ, оқ-дәрі қоймаларының тұрған жерін дәл тауып, мәлімет алып қайту тапсырылды.

Барлаушылар жолға түнде шықты, «ф-1» маркалы жарылғыш гранаттары, автоматтары бар. Бұлар ұзақ жүрді. Жау тылына кіріп алыстап кетті. Енді Н селосы да онша алыс емес. Үш жігіт жол бойындағы әр бұта, әр түбірді паналап ептеп жүріп келеді.

Барлаушылар Н селосының солтүстік-батыс жағындағы аласа қыраттан енді ғана аса бергенде, немістердің даурығып сөйлеген даусы естілді. Қатты күлген, қарлыққан сан алуан жуан дауыс нақ қастарынан, алдарынан шықты. Бұлар да немістің ерекше тапсырма алып келе жатқан барлаушылар взводы еді. Қаз-қатар боп, қаптай жүріп келеді. Барлаушылар жата қалды.

Аспан бұлтсыз, ашық еді. Дөңгеленіп толған ай солғын жарығын жер-дүниеге шашып, дәл төбеде қалқып барады. Барлаушылар үнсіз жатыр. Бір жағына ойысып кетуге мүмкіндіктері жоқ. Қыбыр етсе, жау көріп қалады. Немістер жақындап қалды. Жауынгерлік жорықтың қыйын-қыстау шағы туды.

— Басқа амал жоқ, күтіп аламыз, — деді Мәжит көршісіне.

— Берілмейміз, — деді Рамил де қайраттанып.

Немістер тіпті жақын келді. Барлаушылардың автоматы сөйлеп қоя берді. Немістердің есі кетіп, сасып қалды. Аяқ астынан зуылдап жауып кеткен оқтан абыржып, зәресі ұшып, кейін жөңкіле беріп, қайта іркілді. Жан сауғалап бұға-бұға жата қалып, жөн-жосықсыз оқ жаудыра бастады.

— Уай... партизан!.. — деп айқайлады бір неміс.

Олардың естері жаңа кіре бастады. Барлаушылардың жатқан тұсын жаңа аңғарды да, пулеметтен оқ жаудырды. Күтпеген қызу шайқас, атыс басталды. Түн тыныштығын бұзып, от шашқан мылтық даусы, жапан түзді басына көтере жанғырығып, жер түбіне кетіп жатыр. Түнгі суық ауаны тіліп ұшқан оқ ысқырып барып, адыр белістің көкшіл тасын шаңқ-шаңқ еткізеді.

Денесі ысынып, қызып алған Мәжит қарсы ұмтылған жауды жер қаптырып, ілгері бастырмады.

— Бөгелме! Ота! — деген әмірлі қатқыл үні естілді.

Атыс күшейе түсті. Бір кезде оның қолы әлсіреп, төмен түсіп кетті. Бсліндегі гранатын алуға оқталып еді, шамасы кел-



меді. Көзінің алды мұнартып, түк көрмей кетті. «Жараландым...» — деп ойлады ол. Оқ Мәжиттің оң иығына тиген еді.

Мәжит бар қайратын жыйып, автоматын бар әлінше қарманды. Сол кезде оның құлағына оң жақтан айкасқа жаңа бір топ келіп қосылғандай болды. Ол басын көтеріп, қарағысы келіп еді, бойын жыя алмады...

Әлден уақытта есі кірген Мәжит өзі таңғажайып үйде көрді. Ағаштың түбірінен жасалған орындықтың үстінде шалқып, майшам жанып тұр. Ол көзіін ашып қарап еді, жанында жатқан Рамилді, оның маңдайын ақ шүберекпен таңып, байлап жатқан жылы жүзді орыс әйелін көрді.

— Бізді кім әкелді мұнда? — деді Мәжит. Оның дауысы қаттырақ шығып кетсе керек.

— Сабыр етіңіз, жолдас, — деп күлді жаңағы әйел. Ол бір-ақ ауыз сөз айтты:—Біздің азаматтар, партизандар—деді.

Барлаушының бірі атыста жау оғына ұшып, қаза болған екен. Рамил жеңіл жараланыпты, көп жатқан жоқ. Мәжит үш айға дейін сауыға алмады. Тек үш ай жыйырма екі күн дегенде, партизандар тобына келіп қосылды. Содан бері міне, тоғызыншы ай. Қалың ағашты мекен етіп, партизан болып жүр. Үйінен көптен хат алмауының мәнісі де осында. Кеше ғана партизандармен астыртын байланыс жасаушылардың бірі Мәжиттің бұрынғы бөлімшесіне келген, жолда көп жүріп, кешігіп қалған үш бұрышты кішкене хатты ала келіп, партизан командиріне қалдырып кеткен болатын.

Баласының хатын түгел оқып болғаннан кейін, Мәжит сәл ойланып отырды да, өзінің осы ұзақ жолын Алмасқа жазуға ұйғарды. Қалың күртесінің ішкі қалтасына қолын сұғып, күнделік жазып жүрген көк тысты дәптерін алды да ортасынан екі-үш парағын жыртып алып, хат жазуға ынғайлады. Беті бұж-бұж жуан қарт терекке арқасын сүйеп отырған күйі, екі тізесін стол етіп, дәптерін соған қойып, хат жазып отыр.

Ұлын сағынған партизанның көк бояу қарындашы қағаз бетіне сөз өрнегін салып, зып-зып етеді.

«Қалқам!..» — деді Мәжит. Баласының әдемі шат күлкісі, жұмыстан қайтқанда: «Көке!» — деп, алдынан шығып, қарсы алып, мойнына асыла кететін ерке кылығы көз алдына елестеп, жүрегі елжірей түсті. Балаға деген махаббаты тіл ұшына лықылдап кеп, әуелі қалай деп бастарын білмей аз бөгелді. — «Мен де сені сағындым, Алмасым», — деп қағаз

бетіне үлкен етіп жазып қойды да «Ол менің жеңіспен оралуымды күтіп отыр ғой», — деп ойлады Мәжит. — «Мені тез көргің келсе, бейбіт еліңе оқ атқан жауды өз жерінде ойрандап шапығаң орал өлкеңе», — деп, сүйікті ұлы құлағына аузын тақап сыбырлағандай болды. Алмастың сағынышты сөзі тағы есіне түсіп, ұлының хатына қайта үңілді. Баласының: «...Кеше «Пионер» журналынан «Менің әкем батыр» деген өлең оқыдым. Сен батыр болдың ба, көке? Гитлерді қашан жеңесіңдер?...» — деген сөзі әкенің жігерің қыздыра түсті. Ерлігі бар көкеңнің, жеңеміз... Міне, жеңіс айғағы дегендей партизан сыры қағаз бетіне ақтарылып кетті. Мәжит жауынгерлік жолдарын баяндай жөнелді...

Хат жазып отырған партизанның ойын Рамил бөліп жіберді:

— Біз ұстаған неміс барлық шынын айтты, — деді ол, — енді бірер сағатта сол ағаш арасындағы жолмен жаудың қару-жарақ артқан жүк машиналары өтеді екен. Партизандар соның жолын тосып, шабуыл жасайды. Ал, өзің не істеп отырсың? Дайындалу керек.

Мәжит хатын жазып болған жоқ еді.

— Жақсы, кәзір, — деп қағаздарын қалтасына салды да. Рамилмен бірге, штаб төңірегіне жыйыла қалған жолдастарына беттеді. «Хат соңын шабуылдан кейін аяқтармын», деп ойлады ол.

— Ұлыма жазған хатыма, — деді ол Рамилге кетіп бара жатып, — жолдастарымның осы жолғы ерлігін қосып, кейін толық етіп жазамын.

Партизан профессор бұл сөзді ешбір күдіксіз, нық сеніммен айтты. Қараторы жүзінен алдағы жеңісінің айғағы толық байқалғандай еді. Профессордың есіне майданға жүретін күнгі қоштасар сәттегі студенттерінің айтқан сөзі түсті. «Сіз енді Совет жауынгері болдыңыз. Совет жауынгері барлық қыйындықты жеңеді. Институтымызға жеңіспен оралатындығыңызға кәміл сенеміз!» — деген еді олар.



## Менің достарым

(Алматы балалары туралы әңгімелері)

### 1. Балалар

Тау бауырын қуалай аққан кішкене өзен кіршіксіз таза, мөп-мөлдір. Су түбіндегі үлкенді-кішілі әдемі тастар сүп-сүйкімді болып, анық көрініп тұр. Тайыз жерлердің судан қылты-йып көрінген кейбір қырлы тастары маңына мойнын созып, қарап тұрғандай. Төмен жамырай кұлай аққан тау суы әсем тасқа соғылып, сылдыр қағады. Кейде алыстан талып естілген қоңырау даусындай шылдыр етіп, кейде ана кұшағындағы сәбише еркелеп, күлгендей болады.

Өзенге шомылып, жиегіндегі үлкен жартасқа шығып, алыстан мұнартып көрінген Алатауға кұмарта қарап отырған көп бала бір кезде қызу сөзге кірісіп кетті.

— Мен мектепте жақсы оқып, ақын боламын да. Алматыны суреттеп өлең жазамын, — деді шетте отырған Ахмет деген бұйра шашты, аласа бойлы, қараторы бала.

— Уа деген, сен бе ақын болатын?! — деп күлді оған таяу отырған ұзын бойлы бала. — Ақындар сендей кішкентай болмайды.

— Сен білгішсінбей-ақ қой! — деді Ахмет оған қарсы дау айтып. — Менің апам айтатын: ертеде бір ұзын бойлы алып болыпты. Өзі керемет мықты болыпты. Бірақ, өзінің ақылы аздау болыпты. Оған өзінің 10 жасар інісі ылғый ақыл айтып отырады екен. Сол баланың ақылы арқасында жаңағы алып талай қауып-көтерден аман қалыпты...

Ұзын бойлы бала қызарандап кетті:

— Сен немене, мені сол алып секілді ақылсыз дейсін бе? — деді орнынан атып тұрып.

Бұлардың сөзіне ортада отырған екінші кластың оқушысы Мүсілім араласып:

— Қораз болып кеттіңдер ме айқайлап? — деді. Ол өзін олардан үлкен санағандай, баптап сөйлеп, ақыл айтты. — Бекер дауласпаңдар сендер, — деді екі балаға кезек қарап. — Біздің мұғалім айтқан: өнерлі болу тек жақсы оқуда. Бойларыңа қарап, отырып қалсаңдар, екеуіне де түк жоқ.

— Дауласқан мынау, — деді Ахмет қасындағы баланы нұсқап, — мен тіпті ашуланғаным жоқ.

— Мен де, — деді ол бала.

Балалар оның сөзіне ду күлді. Әлгі бала одан әрі ештеңе айта алмай, үнсіз отырып қалды.

— Керемет... Керемет! — деп айқайлады тағы бір бала.

Мүсілім селк ете түсті. «Бұл мені айтып отыр ма?» дегендей, жаңағы балаға саскалақтап жалт қарағанда, ол оң қолын жоғары көтеріп, аспанда дөңгелене ұшқан көгіршінді нұсқап тұр екен.

— Керемет... қалай айналып-айналып кетеді өзі! — деп ол биіктегі кішкене құсқа сүйсіне қарап, мәз болып тұр.

— Ол неге құлап кетпейді? — деп Мүсілімді сол қолымен бүйірден түртіп қалды.

— Көріп тұрған жоқсың ба? Қанаты бар оның.

— Әне... әне, дөңгеленіп, айналып кетеді... Қарға неге ұйтпейді, ә?

— Мұны білмеймін, — деп Мүсілім де көгіршінге қызыға қарады. — Оны мұғалім біледі ғой. — деді күлімдеп. — Быйыл екеуіміз де бірінші класқа оқуға түсеміз. Мектепке барғанда мұғалімнен сұраймыз.

— Әрине, бәрін де сұраймыз. Менің апам айтқан: қыста аюлар өздеріне үңгір жасап алып, жаз шыққанша сонда ұйқтайды дейді. Ол неге өйтеді, қасқырлар олай емес қой. Екеуі де жыртқыш аң. Мен осыны сұраймын.

— Қыс бойы ұйқтайтын тек ақ аю, — деп дауыстады бір бала.

— Дұрыс емес, — деді Ахмет, — қоңыр аю.

Балалар бұдан кейін аю туралы өздерінің үлкендерден естігендерін әңгімелеп кетті.

Бір бала аюды тірідей ұстап алған аңшының айласын мәнерлеп айтып берді. Бір кез өздері көрмеген Австралия түйе-кұсы туралы сөз етті.

— Ол құстың үлкендігі тура түйедей болғандықтан, солай атаған шығар, — деді шетте отырған біреуі.

— Жоқ, — деді Мүсілім. — Маған өзіміз оқыйтын мектептің бір баласы түйеқұс туралы қызық әңгімелер айтқан. Ол құс түйе секілді емес. Бірақ, ербиген үлкен.

— Дұрыс, дұрыс айтасың! — деді екінші кластың оқушысы мұның сөзін қостап.

Ол өз білетінін айтқысы келгендей жолдастарына тура қарап, жөнделіп отырды. Сәл ойланып, аз кідірді де, жайлап, сөйлеп кетті. Балалар оны анталап қоршап алысты. Оның сөзін аса бір ықыласпен тыңдап, білмегендерін біліп алғысы келді. Білуге құмарлық қой бұл. «Ертең біз білеміз, біз де біреуге айтамыз» — деп ойлап отыр әр бала. Бұлардың ойын Ахмет бөліп жіберді.

— Менің ақын болғым келетінін Сталин атам біле ме? — деп сұрады ол.

— Әрине. Жалғыз сенің емес, бәріміздің де ойымызды біледі. — деді екінші кластың оқушысы.

## 2. Кішкентай мұғалім

Мектепке алғашқы рет барып, оқушы партасына отырып, мұғаліммен сабақ тыңдаған қуанышты күнімді мен есіме жиі түсіремін. Өмірге, үлкен болашаққа бастаған — бастауыш мектебім әрқашан көз алдыма келеді. Оқытушымының бірінші күні алғашқы сабақта айтқан сөзін әлі ұмытқан жоқпын. Күнде жаңа болып көрінеді.

— Біздің Отанның оқушыларының бір тамаша қасиеті бар. Ол — білмегенін білуге, үйрене беруге талпына беру, өз білгенін басқаға үйрету, — деген мұғалім сонда...

Бірінші сентябрь күні Ахмет мектеп есігін алғаш ашты. Ол бірінші «С» класында оқыйтын көп оқушының бірі. Сабақтың бірінші күні мұғалім олармен әңгіме өткізді. Оқушылардың міндетін, көздеген мақсатын түсіндірді. Ахмет осы жолы-ақ: «Оқытушыдан сұрасам,» — деп жүрген өзіне түсініксіз бірқатар жайларды сұрап, біліп те алды. Келесі күні жаңа сабақ басталды. Мектептен үлкен олжалы болып қайтқан Ахмет ересек адамдарша жаңа бір үлкен қызыметке кірісті. Көптен еңбек етіп, жыйнастырып әдемі суреттер салынған конфет қағаздарын жақсы көретін інісіне берді.

Арада бірнеше күндер өтті. Түс мезгілі еді. Кітаптарын кішкене қолтығына мықтап қысып алып, сабақтан көңілді қайтқан Ахмет үйге күліп кірді.

— Мен өзімнің, апамның және сендердің аттарыңды жаза алатын болдым, — деді ол кішкене інісі мен қарындасына.

— Бізге үйретесін бе? — деді ана екеуі қосарлана.

— Үйретемін. Ал дайындалыңдар. Кәзір... — деп Ахмет сырт киімдерін шешіп, іліп қойды да өзінің кітаптары тұратын екінші бөлмеге інісі мен қарындасын жетелеп кіріп кетті.

Оң жақтағы терезе алдында шағын стол тұр. Ахмет інісі мен қарындасын столға жөндеп отырғызды да, қағаз бен қарындаш берді. Есеп шығаруға лайықталып жасалған, қара сырмен сырланған кішірек, әдемі тақтаны олардың тура алдына, төрге іліп қойды да, өзінің мұғалімінше, тақтаның сол жағына тұрып, балаларға қарады.

— Ал, бері қараңдар. — деді інісі мен қарындасына.

Ол бойын тұзу ұстап, салмақпен сөйледі. Өзін оқытушыдай маңызды, сабырлы ұстап тұр. «Қалай бастасам екен» деп ойлады ол. Оның ойына сабақ үстінде өз мұғалімінің барлық қыймыл, әрекеттері, сөйлеген сөзі түсті. Алғашқы сабақта бірінші әріпті өзіне мұғалімнің қалай үйреткені көз алдына келді. Кішкентай мұғалім сол көрсеткен жолмен сабағын жазуға кірісті.

— Бері қараңдар, — деді ол тағы да, — мен кәзір екі сызықпен үйдің шатырының суретін саламын. — Ол терезеден анық көрініп тұрған көрші үйдің шатырын қолымен нұсқап көрсетті. — Енді, — деді ол қарындасына қарап, — осы екеуінің





арасын қосамыз... Ал, сендер осылай сызындар. Болдындар ма? Сонда бұл бір дыбыстың таңбасы болады.

— Шатыр деген сөз болды ма? — деді інісі.

— Ақтөстің күркесі осындай, — деді қарындасы көршісінің сөзін бөліп.

— Олай емес. Апам сенің атыңды атап шақырғанда, қалай жауап берер едің? — деді Ахмет інісіне мұғалімнің айтқан сөзін есіне түсіріп.

— Мен мындамын, апа! — дер едім деп інісі сабырсыздық жасап, орнынан атып тұрды.

— Жоқ, мен олай демес едім... Мен: «А» — дер едім деді қарындасы.

— Дұрыс, — деді Ахмет қарындасының сөзіне разы болып, — «А» — дер едің. Мынау әріп сол «А».

— А...а. — деп қайталады інісі мен қарындасы.

Ахмет осыдан кейін тағы бір әріптерді жазып үйретті.

Сол кезде біреу есікті ашып қалды. Ол Ахметтің әкесі еді. Балаларының үлкен бір іспен шұғылданып жатқанын көріп, сол аяғын ілгері аттай беріп, кідіре қалды. Бірінші класта оқыйтын ұлының тақтадағы жазуына көзі түсті. Тактай бетінде бормен үлкен етіп жазған «Алма» деген сөз тұр. Бұл қызының аты еді. Кішкене қызы мен ұлы сол жазуға қарап, ақ қағазға өздерінше еркін сызғылап жатыр.

Ахмет әкесін жаңа байқады.

— Сабақ уақытында кіруге болмайды, — деді ол оқытушының сөзін айтып.

Ахметтің әкесі баласының сөзіне разы болғандай, жымыйып күлген бойы есікті ақырын ғана жаба қойып, төргі бөлмеге кіріп кетті.

Ол Ахметтің сабағы біткен соң бір-ақ келді. Қызының қыйсық-қыйсық олақ жазуларына сүйсіне қарап тұрып:

— Келер жылы жетіге толасын. Сен де мектепке оқуға барасын, — деді күліп. — Сонан соң инженер болып, бір-ақ шығасын!

Кішкене қыз зор сеніммен айтқан әке сөзіне мақтанғандай:

— Ахметтің айтқанын ұғып алдым, — деп дауыстап жіберді.

— Өз білгенімді басқаға айтқым келіп тұрады. Менің біле бергім келеді, әке, — деді Ахмет күлімсіреп.

— Талаптарың жақсы-ақ! — деді әкесі үш баласына қуана қарап.

### 3. Уәдә

— Қане, торы төбел, фюить!..

Алексей Недарочович жеңіл шанаға сәндеп жегілген торы аттың делбесін қағып қалды. Бірталайдан бері тынығып қалған семіз ат бойын жазып алғысы келгендей, бір қарғып қалды да, қалаға қарай ылдыйлап кететін тау бөктеріндегі жолмен көсіліп желе жөнелді.

Күндіз күншуақтан аздап жіпсіген қар, кешке қарай ката бастаған. Қатты желге торы аттың тағалы тұяғынан борай ұшқан мұздақ қар кейде Алексейдің үстін басады. Ол делбені босатып жіберіп, қайырма жағалы сеңсен тонға оранып, қымтана түсті.

Алексей орманшы болатын. Тау бөктеріндегі кең ағашты алқаптың тәрбиешісі еді. Бүгін демалыс болған соң ескі досының үйіне қонаққа келе жатқан.

Алексейді Бақыт қарсы алды.

— Сіз көптен келмедіңіз ғой, сағынып қалдым, — деді Бақыт күлімдеп. — Апамдар кәзір келеді.

— Мен көбіне ағаш арасында боламын. Өзім өсіріп отырған жас шыршаларым бар. Оларды көрмей мен де тұра алмаймын, — деп күлді Алексей.

Даусы әрі жуан, әрі қырылдап шыққанымен Бақытқа оның күлкісі өте ұнайтын. Өйткені Алексей біреудің, не өзінің ісіне сүйінгенде ғана осылай күледі.

Үйге кіргенде Алексейдің көзіне бірден шалынған аңшының төрде ілулі тұрған үлкен суреті болды.

— Бұл суретті кім салған? — деді ол таңырқап қарап. Құс атып алған аңшының ең далада өзіне-өзі мез болып, масаттанып тұрған шағы айнымай берілген екен.

Алексей жақыннан үніліп караса, сурет шетінде өзіне таныс Бақыттың қолы тұр.

— Оһо! Бақыт Ғабжанов, — деді ол сүйініп. — Қане, маған тура карашы суретші. Сенің творчествоң екен ғой. Манадан бері неге үндемей тұрсын?

— Алексей ағай, — деді Бақыт оның сөзін бөліп (ол өз ісіне мақтанбайтын) — шешініңіз.

Бар назары суретке ауған Алексей сырт киімін шешуді де ұмытып кеткен-ді.

— Оһо, кәзір, — деді ол ыңғайсызданып.

Орманшының үлкен тонын Бақыт сол жақтағы киім ілгішке апарып ілді. Алексей диванға барып отырды. Ол Бақытты жанына шақырып:

— Мен осы уақытқа дейін сенің ірі суретші екеніңді білгенім жоқ... Саған үлкен заказ беретін едім, — деді.

— Мен үйреніп жүрмін, — деді Бақыт, орманшының өзін ірі суретші дегеніне қысылып.

— Үйрену дұрыс. Үйрене беру керек. Адам үйренгенін, білгенін іске асыра отырып өседі.

— Біздің мұғалім де осылай дейді.

— Бәріміздің айтарымыз осы.

Алексей жағасын оң қолымен түзеп қойды да, Бақытқа бұрылып:

— Балақай, менің суретімді осылай отырғанда сала аласың ба? — деді.

— Жоқ, — деді Бақыт шынын айтып. Сонсоң сәл ойланып тұрды да: — Сіздің фото-суретіңіз бар ма, ағай? — деп қалтасынан бір кішкентай суретті көрсетті де: — көлемі осындай болса да жарай береді, — деді.

— Бар, бар ондай. Паспортқа деп түскен суретім бар. — Алексей төс қалтасынан кішірек суретін алып берді. Бақыт қуанып кетті.

— Осы жарайды, — деді ол күлімдеп.

Алексей баланың не ойлап тұрғанын түсінбей қалды.

— Сен оны қайда жібересің? — деп сұрады.

— Мен сізге ескерткішке бір сурет салып берейін деп ойлап жүруші едім. Рұқсат етсеңіз, осы фотоңызға қарап отырып, сіздің суретіңізді салып көрейін.

— Жаксы, кұп болады, — деді Алексей.

— Суретті екі күнде бітіріп беремін, — деді Бақыт.

— Мен екі күннен кейін келейін бе?

— Өзім алып барамын.

— Жаксы, жаксы. Мен сол күні сенің келуіңді сөзсіз күтемін. Бақыт.

Алексей орнынан жайлап тұрды да, жарыққа жақындап:

— Сен бері келші, балақай, — деді Бақытқа, — қолыңдағы суретте менің сол жақ жағым қыйсық түсіпті. Суретінде жөңдеп жіберерсің... Азырақ сабыр ет. Өзіңнің сабағыңды ұмытып кетіп жүрме.

сабақ дайындалып болғаннан кейін уақыттарым бос... Сурет екі күнде дайын болады.

...Алексей кеткен күннің ертеңіне Бақытты класс жетекшісі шақырып алып:

— Мектептің қабырға газетін шығаруға көмектес. Редколлегия мүшесінің біреуі ауырып қалыпты. Үшінші күні газет ілінуі керек — деді. Ол газет жұмысына байланысты басқа да тапсырмалар берді.

— Орындаймын, — деді Бақыт.

Газеттің атын, тақырыптарын жазу және басқа көркемдік жақтары Бақытқа тапсырылды.

Бақыт бірінші кезекте оқыйтын. Сабақтан қайтқан соң газет шығару ісіне кірісті. Ертеңгі сабаққа одаң кейін дайындалды.

Екінші күні газет жұмысынан кешігіп қайтқан Бақыт өз үйінде де сабаққа дайындалып, ұзақ отырып қалды. Электр жарығы бөлме, ішін күндізгідей жарық етіп тұр. Бақыт әлі шаршаған жоқ. Үйге берілген тапсырмаларға жете дайындалып, жаттығу жұмыстарын да ұқыптап қайта қарап шықты.

Ол бір кез барлық кітаптарын жыйнап қойды да Алексейдің ақ кенепке салынған суретін бояуға кірісті. Кеше түнде сырлап, бояудан басқа жұмысын бітіріп қойған-ды.

Аласа келген дөңгелек столға кенепті кере шегелен қойды да, әуелі орманшының бет бедерін жұқалап бояп шықты. Қоңыр бояумен Алексейдің аздап ақ кіре бастаған қалың қою бұйра шашын, жоғары шыйратып, қайырып тастаған сәнді ұзын мұртын салды.

Түннің біраз уақты өтіп те кетті. Кеше де ұзақ түнді ұйқысыз өткізген Бақыттың көздері кішірейіп, азырақ аялдағысы келгендей. Бақыт осы түнде суретті әбден бітіргенше ұйқтамауға бекінген. Бар ынта-жігері бір сол сурет үстінде. Қабырғадағы дамылсыз тық-тық еткен сағат даусы да оған естілмейді. «Жақсы етіп шығару керек», — деген ойда ғана отыр.

Оның тыныштығын анасы бұзды.

— Қалқам-ау, таңертең сабаққа барасын, дем алмайтын ба едің? Кеше де ұйқтаған жоқсың, — деді аққұба келген Марипа.

— Жұмысымды бітірмей, ұйқым келетін емес, апатай!

Мағрипа улының өнеріне разы болып, қуана қарап тұрды да:

— Аз-ақ қалыпты ғой, сәулем! Ертең бітірерсің, — деді.

— Жоқ, апа, сіз білесіз бе? Менің бүгін бітіретін күнім.

— Саған біреу тапсырма беріп пе еді?

— Жоқ. Өзімнің айтқан уәдем бар.

— Уәдем? Қімге?

— Алексей ағайға. Ертең суретінді бітіріп алып барамын дегемін. Бұл менің оған сыйлайтын ескерткішім, апа!

Бақыт қасындағы орындыққа келіп отырып, Алексейдің суретіне қарай қалған анасының мойнынан құшақтай алып:

— Міне болып та қалдым, апа! Ұнай ма сізге? — деді жылдам сөйлеп. — «Анам не айтар екен?» — дегендей, алып ұшқан жүрегі дүрс-дүрс етіп, жиі соғып тұр.

— Ұнайды, — деді Мағрипа ұлын аймалап.

— Сізге ұнаса, суреттің Алексейге ұқсағаны. Алексей де ұнатады, — деді Бақыт қуанып.

Бақыттың ең үлкен қадірлі сыншысы Мағрипа болатын. Сурет салса да, өлең жазса да, жаттығу жұмыстарын орындаса да, шешесіне үнемі көрсетіп алатын. Анасы оған өз пікірін айтып, кемшілігін өзіне таптыратын. Оның сөзі тұжырымды, әрі тура, анық. Мағрипаның — «ұнайдысы» да Бақытты қатты қуандырды.

...Бақыт ертеңіне география мен тарихтан «5» алып қайтты. Сол күні мектептің қабырға газеті де ілулі тұрды. Өзі түс ауа сабақтан қайтқан соң Алексейдің суретін алып, орманшының тау бауырындағы үйіне шаңғысын байлап, жүріп кетті.

#### 4. Бозша торғай

Түні бойы жауған жаңбыр таң ата ашылды. Жер саз.

Күндегіден ерте тұрып, кітап оқып отырған Серік дем алуға тысқа шықты. Өзінің жақсы көретін ақ күшігі оны есік алдында қарсы алды. Мойнына секіріп, несін көргеніне қатты қуанып қалды. Серік оны ертіп алып, үйдің сырт жағын айнала бергенде, бір топ аласа жусанның ығында бұғып отырған кішкене бозша торғайды көрді. Қанаты жетіліп, жақында ғана ұшуға жараған боз торғайдың балапаны. Әбден жаңбыр өтіп қалжыраған, қанаты салбырап, дір-дір етеді.



Ақ күшік оған таңданғандай, қасына жетіп барып, тоқтай қалды. Кішкене кұс, өзінің тоңып отырғанына қарамастан, қасына жақын келген ғажайып аңға қорқа қарап, кұтылып кеткісі келді. Салбыраған қанатын жыюға шамасы келмей, сүйреткен бойы топ жусанды сырт айнала берді. Бірақ, тез жүгіріп кете алмады. Шөп арасынан аяғын ала алмай, сүрініп қалды. Қайта ұмтылып еді, тұра алмады. Саз топырақ енді оны жіберместей болып жабысып, ұстап қалды.

Кішкене бозша торғайды Серік жерден көтеріп алды. Алақанына қойып, аз ғана уақыт қарап тұрды. Кішкене кұс тіпті қатты тоңып қалған екен. Үсті-басы су-су: әрі тоңып, әрі қорқып, дір-дір етеді.



Серік кішкене кұстың қалш-қалш етіп, сонша қорыққанына қарап, жымыйып күлді. Тез жүгіріп, үйге келді де, бозша торғайды күн сәулесі түсіп тұрған терезе алдындағы стол үстіне отырғызды. Оның су-су болған үстін сыйпалап, қасына тұрды. Кішкене кұстың үсті кұрғап, бойы жылына бастады. Серік оның алдына кішірек ыдысқа салып, жем әкеп қойды. Бозша торғай қарны ашып отырса да оны жемеді. Қорыққандай Серікке жалт-жалт қарай берді. Серік оның бұл сырын сезіп, әдейі тысқа шығып кетті.

Ол шығып кетісімен-ақ, манадан бата алмай отырған бозша торғай, ыдыстағы жемді жей бастады.

Серік сыртта білдірмей тұрып, терезеден көз салып еді, кішкене кұс ыдыс айналасындағы шашылып түскен жемді теріп жеп жатыр екен. Бір уақыт ол ыдыс ернеуіне ұшып қонды.

— Ә, солай ма екен... Енді менен қорықпайсың ғой, — деді Серік.

Манадан тыныш тұрған ақ күшік те үңіліп тұрған Серікті көріп, терезеге жүгіріп келіп еді:

— Кет әрі! — деді де, ақ күшігін кейін қарай алып кетті.

Серік үйге бозша торғай әбден тойып болғанда ғана кірді. Үсті кұрғап, жемге тойып, әлденіп алған бозша торғай үй ішінде еркін ұшып жүр екен.

Ол ақырын келіп, терезені ашты. Кішкене кұс жып етіп, терезе алдына қонып, Серікке бұрылып қарады да, сыртқа ұшып шығып кетті. Аспанға тіке ұшып, жоғары көтерілді. Әуеде аз қалықтап тұрды да, есік алдында өзіне қарап жатқан ақ күшікті көріп, әндете бастады.

Серік те сүйсінгендей оған ұзақ қарап тұрды. Бозша торғайдың шырылдап салған әнін кұмарта тыңдады. Бозша торғай ұзап ұшып кете бергенде ғана:

— Даусың қандай жақсы! Жолың болсын! — деді ол.

## 5. Ән

Алыстан көрінген пионердің қолына ұстаған алқызыл жібек туы біресе төмен іліп, толқый желбіреп, пионер лагеріне беттеген оқушыларды алға бастап барады. Шалқып естілген сұлу ән сырнайдың сызылып шыққан ырғақты әуезіне ұласып, алысқа қалықтап ұшып бара жатқандай. Екпінді барабан үніне табиғат та қол соғып, жасыл желекті қайың, шыршалары да ырғалып билегендей болады.

«Отаным кең байтақ шалқыған...» —

деп шыркатқан пионерлер бір уақыт:

«Жас ұлан,

Дайын бол әркашан!» —

деп ұран тастайды.

Бұл ән менің достарымның әні. Біздің пионерлер еңбекке

де, оқуға да, демалуға да ерікті, шаттана күліп, әндетіп келеді.

Бейбіт елдің ерке сәбилерінің жас әуезін алдынан боран үріп, кім ықтырмақ жолынан!

Олар ұзап барады. Жастар әні өргтей қаулап, асқақтай түседі. Тағы естілді бір жаңа ән. Зор екпінді бейбітшілік жыры бұл:

«... Біз жастарға,  
Қосылар әнмен  
Барша әлем.  
Мұндай әнді өңіре алмас ешбір жан,  
ешбір жан!»

Жас достарым ұзап барады. Тәтті әндері әлі айқып естіледі. Қарсы алдынан тура түскен күннің нұр сәулесі олардың жас жүздерін жайнатып көрсетеді.



## Әбілдің қателігі

— Көздегенім сол болсын,  
Далдегенім дәл болсын!  
Бір-екі-үш!..

Әбіл, осылай деді де, қора бұрышын сүзгілеп жатқан жуп-жұмыр семіз көк торпаққа ұзындығы жарты метрдей жеңіл қайың таяқты жіберіп қалды.

Баланың қолынан екпіндей ұшқан кішкене таяқ бұрыштағы сүйеулі тұрған үлкен ағаш ашаға сарт етіп тиіп, ортасынан қақ бөлінді. Көк торпақ шошып кетті. Сол жағына оқыс бұрылып, зыта жөнелді. Қора алдындағы биік күртіктен қар ойып, адамның суретін жасап жатқан Әбілдің кішкене інісін көк торпақ ордандап, басып кете жаздады.

Зәресі ұшқан көк торпақ есін енді жыйнағандай, анадай жерге барып, дауыс шыққан жаққа одірейе қарады. Әбіл бар дауысымен қарқылдап күліп тұр.

— Бұл маңнан енді жүрмейтін болған шығарсын, ә? — деп Әбіл оған ұмтыла түсіп еді, көк торпақ құйрығын көтеріп алып, қаша жөнелді.

Әбіл аулаға кірді. Ойына әлдене түскендей, үйге жүгіріп кірді де, іле-шала қайта шықты. Бұл жолы қолында шумақталған жібі бар.

Ол көп кідірген жоқ, жіпті ауланың қақпасына керіп байларды да, жіптің үстінен секіруге кірісті. Бұл оның өзінше бүгінгі тапқан ерекше бір орынды жаңалығы еді.

— М... — деді Әбіл өзіне-өзі сүйсінгендей. Жіп өте жақсы керілді. Әуелі осыдан секіремін.

Ол жіптің екі ұшын да қақпа жақтауына мықтап байлаған еді. «Дәл бұдан құламаймын». — деп ойлады ол, өзіне-өзі сеніп.

Әбілдің бірінші секіруі сәтті болды. Алыстан екпіндеп жүгіріп кеп, еркін қарғыды. Бұдан кейін жіптің екі ұшын шешіп алып жоғарырақ байлады. — «Бұдан секірsem, чемпион боламын» — деп ойлады жымыңдап.

Бұл жолы да алғашқы әдетінше алыстан бар пәрменімен жүгіріп келіп:

— Бір!.. — деп секіріп қалды.

Оның оң аяғы кедергі жасады. Жіптен жоғары аса алмай, мықтап іліккен күйінде бір қырынан ұшып түсті. Қақпа алды тақыр еді. Ол қатты жығылды. Шынтағын да ауыртып алды.

Баламер оның құлағанын алыстан көріп келе жатыр еді. Ол жақын келгенде, Әбіл түк сезбегендей қар болған киімін қағып, қайта секіруге дайындалып жатқанды.

— Әбіл, мынауың не? — деп сұрады Баламер жіпті көрсетіп. Ол Әбілдің бұл қылығын ішінен жаратпай-ақ тұр.

— Көріп тұрсын ғой, спорт.

— Қақпаның аузында спорт алаңын жасаған спортшыны енді көріп тұрмын.

Әбіл оның сөзін шам көріп, аузын бұртыптып сөйледі.

— Сен, немене, мені тағы сынап келдің бе?

— Әбіл, сен қызық екенсің. Өзің бесінші класта оқыйсың. Осы ісін өзіңе лайық па?

Баламер Әбілдің мектеп жасына толмаған екі інісін көрсетіп:

— Бұл аналардың ойыны емес пе? — деді.

— Ой, сен маған ақыл үйретпей-ақ қой! Одан дағы келген шаруанды айт, қане.

— Сенімен сөйлескелі келдім.

— Ал, айт.

Әбіл көзін жыпылықтатып, Баламерге жақындай түсті. Кәзір оның өңінде ашу жоқ, жолдасына өкпелеген кейіп бар.

— Екеуміз, — деді ол Баламерге тура қарап, — керемет тату дос едік қой.

— Мен әлі де доспын.

— Жок, мен сені соңғы күндерде жек көре бастадым, — деп Әбіл оның сөзін бөліп кетті.

— Не үшін? — деді Баламер оған қадала қарап. — Класс жыйналысында тәртіпсіз дегенім үшін бе?

— Я, сол үшін... Жұрттың алдында мені сынадың. Сондай достық бола ма екен? Мен тәртіпсіз болып не істедім? Біреудің мүлкін қыйратқаным жоқ, ешкімнің нәрсесін ұрлағаным жоқ. Сабактан себепсіз қалмаймын. Менің не мінім бар? — Әбіл шапшаң сөйлеп, Баламерді сөзбен бастырмалатып алды да: — Сенің айтқаның тіпті дұрыс емес! — деп шалбарының қалтасына қолын салып, қалшыйып тұра қалды.

— Сен өзіңнің не істегеніңді білмейсін, — деді Баламер. — Көшеде осылай даурығып сөйлеп, едірейіп тұра қалуыңның өзі тәртіпсіздік. Самұраттың ақ лағына таяқ лақтырып, аяғын ақсатқаның тәртіпсіздік емес пе?

— Е, ол терезенің дәл түбіне келіп, неге ойнақтайды. Терезенің бір көзін сындырып та кетті.

— Терезе алдын қоршап қою керек. Ол мал, білдің бе? Ахметтің дәптеріне сыя төгіп кеттің. Өзің отыратын партаны шыймайлап, атыңды жазғансың. Осыларың дұрыс па?

— Ал, жарайды, бұлар жыйналыста айтылды ғой. Одан кейін мені қабырға газетіне тәртіпсіз деп, неге жазды? Дұрыс емес. Соншама не істедім мен? Аты бір шықты деп, мені айта береді. Басқаның тәртіпсіздігін көрмейді, — деп Әбіл қызарандап, дау айтты.

— Сен кімді айтып тұрсын? — деді Баламер.

Әбіл Баламерді менсінбегендей, кекете сөйледі:

— Отряд советін айтам. Сен де оған мүшесін ғой. — Ал,



айтшы, тәртіпсіз болып, саған бірдеме істедім бе? Менің жақсылығым жоқ па осы? — деді.

Баламердің бұған жауабы қысқа болды.

— Сенің тәртіпсіздігің өте орынды айтылды. Жақсы болсаң, оынды да көреді, — деп шық сөйледі.



Содан бері бірнеше күндер өтті.

Бүгінгі үйірме жыйналысында мектептегі көркемөнер үйірмесінің мүшелерімен бірге басқа да бірқатар оқушылар қатнасты. Төменгі кластардан да келуші балалар да көп болды.

Жыйналғандар көркемөнер үйірмесі жетекшісінің сөзін сабырмен тыңдап отыр. Жетекші үйірменің соңғы жұмысын баяндап тұр. Ол бір алуан жетістіктерді атап келіп, алдағы міндеттерге тоқтады.

Әбіл алдыңғы қатарда отырған. Пиджагінің түймесін ағытып қойып, ерекше көңілді, шат сезімде отыр. Көздерін ойнақшытып көршісіне қарап қояды. Бір кезде: «Біреу тағы Әбіл тәртіпсіз» — деп айтама дегендей, маңына жиі-жиі көз жүгіртеді.

Оның жүзіндегі қуаныш құбылыстары Баламер топ алдына сөйлеуге шыққан мезгілде, қолмен сыпырып алғандай, жоқ болды. Қоңырқай жүзі қып-қызыл болып кетті. Маңдайы шыпшып тершіп, мектептің биік кең залы ысып кеткендей болды. Тура қарауға беті ұялып, көршісіне сәл бұрылып, ұрлана қарап еді, ол Әбілдей қызарған да жоқ, терлеген де жоқ. Жай дем алып, еркін отыр. Өз-өзінен тынышы кетіп, қысылып отырған тек Әбіл. Ана бір күні қақпа алдындағы істері көз алдына келіп, тым ерсі, өрескел болып көрінді өзіне: «Баламер бәрі-бір соны айтады», — деп ойлады Әбіл. Өз мінін енді байқап, ұялып, өкінгендей қалыпта отыр.

«Тағы да тәртіпсіз дейді. Қазір көпшілік көзінше оны сөгіп, жер-жебіріне жеткендей қадала қарай қалмай ма? Сонда не демек? Өз жолдастарына не айтпақ? Топ арасында бірінші класта оқыйтын інісі де отыр. Ол да Әбілге ренішпен қарайды. Бұдан ұят не бар?» Осы ойлар Әбілді анталап алды. «Тек аты бір шығып қалған мені ғана көреді, мені ғана сынайды». — деген өзіндік түйін, топшыдан да кұр емес.

Баламердің анық, нық даусы Әбілдің ойын кілт бөліп, бар назарын өзіне аударды.

Жыйналыста қаралатын мәселе біреу ғана. Оқушылардың қысқы демалысы кезінде көркемөнер үйірмесінің істейтін жұмыстары туралы мәселе болатын. Үйірме жетекшісінің де айтқаны осы жағдай.

Баламер үйірменің, жеке орындаушылардың есімін қуана атады:

— Біздің кластан бес оқушы жеке ән орындауды үйренді. Тақпақ айтушы жеті оқушы мәнерлеп, жақсы сөйлеуді үйренді, — деп бас-басына санап айта келіп, Әбілдің өткен аптадағы мектеп клубында оқушылардың ата-аналарына арналған концертте тамаша өнерлілік көрсеткенін баяндады.

Әбіл көркемөнер үйірмесінің мүшесі. Көркем әңгіме, өлең жазатын да талабы бар. Ол әнді жақсы салады. Өткен аптада қазақ халқының атақты әншісі Біржанның «Көкшетау» атты әнін және Лебедев-Кумачтың бірнеше өлеңдерін жақсы орындап берген. Бұл жас әншінің соңғы бірер аптадағы олжасы еді. Жұрт қуана қол соғып, қатты сүйсінген болатын.

Өз аты аталғанда Баламерге тура қараған Әбіл дос көзінен өз сұрағына жауап тапты. «Жақсы болсан, оныңды да көреді.» Өз ісінің терістігіне енді жете түсінгендіктен ұялып отыр. Сол бір өткен жыйналыста өзін сынаған жолдастарының сөзін қайта-қайта есіне түсірді.

«Олардың сөзі дұрыс екен», — деп ойлады ол жыйналыстан шыққан кезде. Баламерге жолығып, өзінің қателігін айтқысы келіп еді, оның ретін таппады. Мектептің алдында аз ғана кідіріп, тұрып қалды. «Мен достарымның айтқанын іс жүзінде ақтаймын», — деп түйді ол.

Әбіл ұзақырап кеткен жолдастарын қуып жетейін деп, құлағы қызарып жүгіре жөнелді.



## Ғұрбылар

Декабрь айының бір әдемі, ашық күні еді. Мәнү бүгінгі сабағына жақсы әзірленіп алды да, демалуға тысқа шығып, үй маңында шаңғы теуіп жүрді. Онымен бір класта бірге оқығанын Күлше дейтін қыз бұл кезде арифметикаға дайындалып, үйде орындауға берілген мысалды есептерді шығарып отырған.

Күлше үш мысалды есепті оңай шығарып, жауабын дұрыс жолмен тура тапты. Бірақ, төртіншісі қиынырақ болып шықты. Есеп ондық бөлшектің барлық амалдарын жете білуді керек етеді. Күлше бір жеріне түсінбей отыр. Өзі білетін жолдарды түгел қолданып, қанша әуреленгенмен, есепті шығара алмады. Аздан соң ерінгендей орнынан ақырып тұрып, қағаздарын жыйнастыра бастады. «Жақсы шығарған есептерімнің бірін қол көтеріп, бұрын айтам, мұғалім соңғы есепті қалай шығарғанымды сұрай қоймас», — деп ойлады ол.

Күлше қағаздарын портфеліне салып та қойды. Сабақ түсе ауа басталатын. Ол бір уақыт оң жақтағы терезеден сыртқа көз жіберіп еді, шаңғы теуіп жүрген бір топ баланы көрді. Олардың ішінде өзінің жақын досы, Мәнү де бар екен.

Күлше жалма-жан киініп, далаға жүгіріп шықты. Сабақ басталғанша аздап шаңғы тепкісі келді.

Ол аттың жалындай қырлана жатқан күртік қардың ығымен сырғып келе жатқанда, Мәнү оған көлденеңдей келіп тоқтады.

— Шаңғың жақсы сырғанай ма, Күлше? — деді ол досына.

— Өте жақсы, — деді Күлше жымыйып.

Ол Мәнуге қатарласа беріп:

— Сен бүгінгі сабаққа түгел дайындалдың ба? — деп сұрады.

— Я... әдебиеттен тапсырылған Пушкиннің өлеңін жаттап алдым. Географиядан оқытушының қосымша берген тапсырмасын да орындап қойдым.

— Арифметиканы ше? Мысалды есептерді түгел шығардың ба?

— Я, соңғы мысалды есеп қыйын екен, Күлше. Мен тіпті өткен ережелерді қайта-қайта оқып, жауабын әрең таптым... Шешу жолы қыйынырақ екен, — деп Мәнү шынын айтып тұр.

Күлше үндемей, төмен қарап, өзіндей кұрбысы шығарған есепті жете түсініп, дұрыс шығара алмағанын айтуды ұят санап, Мәнуден жасырып қалды.

Мәнү Күлшенің бұл сырын сабақ үстінде бір-ақ білді. Екі қыз жұбын жазбастан алдыңғы партада қатар отыратын. Оқытушы төртінші есептің шығару жолдарын Күлшеден сұрады.

— Күлше, бұл есепті сен қалай шығардың? Қолданған амалдарыңды айтып берші, — деді оқытушы.

Бұл сұрақ Күлшені қатты састырды. Оның бірге оқыттын жолдастары: «Не айтар екен?» — деп бұған қарап отыр. Тақта алдында жауап күтіп, өзі жақсы көретін мұғалімі тұр. Орнынан ұялып түрегелген Күлше ештеңе айта алмай, қызараңдап, төмен қарай берді. «Есепке түсінбедім», — дей ме? Онда: «Жақсы білетін оқушылардан, не менен күні бұрын неге сурап алмадың?» — демей ме оған оқытушы. Ол мектеп оқушыларының әдеті бойынша, тапсырманы өзінің орындамай көптен себебін де алдын ала мұғаліміне айтқан жоқ-ты.



Күлше айтуға орайлы сөз таппады. Өз ісінен ұялып тұр.

Мәну де көршісінің жауап бере алмағанына ұялып отыр. Дөңгелек акшыл жүзі қып-қызыл болып кетіпті. «Мен Күлшеден неге сұрап білмедім?» — деп ойлады ол. Екеуінің үйі де көрші тұратын еді. «Күлшеге мұғалім екі қояды. Ол үйге ренжіп қайтады. Ол менімен бірге оқыйды, қатар отырамыз. Нашар баға алу үлкен ұят», — деген ойда отыр Мәну. Ол осыдан қысылады.

Мұғалім оқушысының бар жайын өңінен танып, біліп тұр. Күлшеге алғашқы рет ескерту жасады.

— Жарайды, отыра ғой. — деді ол, — тапсырманы орындан келу керек.

Үзіліс кезінде орындарында үнсіз отырып қалған екі қызға мұғалім онаша келіп сөйлесті.

— Сабақты жақсы оқыймыз деп біз сізге қатарласа айтып ек қой, — деді Мәну, — Біз... бірақ...

Оның сөзіп Күлше жалғастырып әкетті.

— Мен бұл кемшілікті енді қайталамаймын, — деді ол. Орнынан тез түрегеліп, тұзу тұрып, нық сөйледі.

— Сенемін! — деді оқытушы баяу, қоңыр дауыспен.— Бір оқушының сабақ үлгірмеуі, көршісіне ғана емес, бүкіл класқа, маған — бәрімізге мін екендігін ешқашан да естен шығаруға болмайды.

Мектептің кең залына бүгін «Ғылым» қабырға газетінің жаңа номері ілінген. Түсті бояулармен сәнді ернектелген газеттің ішкі мақалалары да тым тартымды еді. Орта кезінде «Күрбылар» деген хабар бар. «Мәну мен Күлше бір партада қатар отырғаны сыяқты, оқуда да жұбын жазбай қатар келеді. Қоғам жұмыстарына белсене араласады. Олар класымыздың мақтанышы, үздік оқу озаттары», — деп жазыпты класс старостасы.





## Нездесуден кейін

Күз. Күн батуға жақындап қалған уақыт. Жел жоқ, тымық. Жан-жағына ақсары, қызғылт сәуле шашқан күннің көзі көзір біртүрлі әдемі болып көрінеді. Ағаштар да маужырап, үнеіз сұлық тұр. Тек Мұқаш сүйеніп тұрған биік теректің сарғая бастаған үлкен жапырақтары ғана сәл қозғалып, нәзік үнмен бір-біріне сыбырлағандай болады.

Ауылдың түстік-шығыс жағы қалың ағаш. Оның бір шеті Ақадыр қыратын жағалап, станцияға қарай созылып кетеді. Мұқаш күндегі әдетінше, сабақтан қайтқан соң Ақөсті жанына ертіп, осы ағашты аралап, демалып қайтатын. Бүгін де сол әдістімен келіп тұр.

— Ақтөс, бері кел! — деді Мұқаш дауыстап.  
Ит ағаш арасымен келе жатқан жолаушыны алыстан көріп,

лбалап үрiп тур. Ол иесiнiң шақырғанын естiмедi ме, әлде маңдайысы келмедi ме кұлағын жымыйта, артына бұрылып бiр қарады да, жаңағы жолаушыға қарай жүгiре жөнелдi.

— Тоқта! — деп айқайлады Мұкаш оған ұмтылып.

Жолаушы тым жақын келiп едi. Үстiнде жұқа жеңiл қара пальтосы бар, етiгiнiң қонышын төмен қайырып қойған, қою кара мұртты, орта бойлы адам Ақтөстi көрiп, оң қолындағы кiшiрек шамаданын жоғары көтере қойды.

Мұкаштың әмiрлi даусын естiп, жердi баяндай қалған ит, бөтен адамға жақындай барып тоқтап, таңданғандай тiлiн шығарып қарай қалды.

Мұкаш жаңа жеттi.

— Итiң қаппай ма? — дедi жолаушы. Ол шамаданын жерге қойды да, қалпағын қолына алып: — Балақай, берi жақында... Атың кiм? — дедi.

— Мұкаш.

Жолаушы да өзiнiң мән-жайын айта бастады. Ол тершi-ген маңдайын жұқа ақ орамалмен сүртiп жатып:

— Курортқа келiп едiм, — дедi жәй сөйлеп, — екi ай болдым. Ендi қайтып барамын.

Жолаушы iшiнен: «Бұл жақтың табиғаты қандай тамаша!» деп төңiрекке сүйсiне көз жiбердi.

— Сiздiң ауыл курортқа не бәрi екi-ақ километр тұрады ғой, — дедi әлден уақытта. — Әдейi ағаш iшiн аралап, жер байлығын көрiп барайын деп ойлап едiм. Бiздiң жақта өспейтiн кейбiр өсiмдiктердiң әдемі жапырақтарын жыйнап алдым.

— Оны қайтесiн? — дедi Мұкаш қызыққандай.

— Балама апарамын, ол жас мичуриншi. Сiздiң жақтың ауа райы қандай екенi туралы, хош иiстi, алуан түрлi жемiстер өсетiндiгiн ол өзi де, мен арқылы бiлетiн болады.

Мұкаш жолаушының сөзiн құмарта тындап тұрды да:

— Сiз қай жерде тұрасыз? Ол нешiншi класта оқыйды? — деп сұрады.

— Мен ненецпiн, — дедi жолаушы, — атым Ваом, Нарьян-Марда тұрамын.

— Оны картадан бiлемiн, — дедi Мұкаш күлiмдеп, — Печораның бойында...

— Дұрыс. Нарьян-Мар Печораның теңiзге құяр арнасына жақын тұрады, — дедi жолаушы оның сөзiн қостап. — Балам быйыл бесiншi класта оқыйды.



— Мен де бесінші класта оқыймын. Балаңыздың аты кім?

— Лек.

Жолаушы ішкі қалтасына қолын сүтін, кішкене блокнотын алды да, үстінде қыс киімі бар, күлін түсетін Лектің суретін Мұқашқа көрсетті.

Мұқаш суретке қызыға қарап, күле сөйледі:

— Үстіндегі тоны үлкен екен. Сіздің жақта қыс өте қатты болатын шығар?..

— Я, суық болады. Оның үстіндегі тонды свонк дейді. Бұны бұғы терісінен тігеді, өте жылы болады.

Мұқаш суретке ұзақ қарап тұрды да, Ваомға қайта асына беріп:

— Ол қалай оқыды? — деп сұрады.

— Төртінші класты мақтау грамотасымен бітірін шықты.

— Менің үш сабақтан төртім болғандықтан, грамота алдыным жоқ, — деді Мұқаш күмілжіп. — Класс жетекшіме былай тек беспен оқыймын дедім.

— Тек солай оқу керек, — деді жолаушы.

Ол осы сөзді айтты да, қол сағатына қарап:

— Бүгін поезбен жүретін едім, тездетуім керек, — деп асыққандай, балаға бұрылып: — Ал, Мұқаш, вокзалға тура арадан тура шығатын жол жоқ па?.. Көрсетіп жібер, — деді.

— Бар. Мен білемін, — деді Мұқаш.

Ол жолаушыға бағыт көрсетті де, өзі сол арада қоштасып кала берді.

Станция ауылға онша алыс емес. Бер жағы қалың ағаш болғандықтан ол жолаушыға көрінген жоқ. Ваом Мұқаш айтқан жалғыз аяқ жолмен асыға басып, кетіп барады. Жол қыратқа жете бере екі айрылатын. Бірі — тура кетеді, колхоздың мал фермасына апарады, екіншісі — ағаштың сол жағын жағалап өтеді. Бұл — вокзалға баратын жол. «Мұны түсіндіріп айтпадым ғой», — деп ойлады Мұқаш. Ол жолдың екі тарам болып кететіндігін жолаушыға ескертпеген еді. «Жолды дұрыс таба ма, жоқ па?» деген сұрақ бала ойын қырық саққа жүгіртті. Мұқаш сабырсыздана бастады. «Тура кететін жолға түссе, тіпті теріс кетеді, адасуы мүмкін» деді ол өзіне-өзі кейігендей, сыбырлап. Ол тұрған жерінен қозғалмай, қалшыйып әлі тұр. Кішкене жұмырығын бір ашып, бір жұмды. «Айқайласам қайтеді?» — деп ойлады Мұқаш. Ол мұны әдепсіздік болар деп санады. «Қуып жетіп айтсам ба екен?» Бала жүгіре

беріп, ойына әлдене түскендей, тоқтай қалды. Жалт бұрылып, ауылға бет бұрды.

Ол үйіне келгенде, шешесі тамақ өзірлеп жүр еді. Мұқаш еңгігіп дем алып:

— Апа, -- деді дауыстап.

— Не айтасың, қалқам?

— Апа, мен дұрыс жасамадым. Ол адасуы мүмкін, — деді Мұқаш.

Шешесі әбігерленіп қалды. «Балам тәртіпсіздік жасаған екен», — деп ойлады да ілгері аттай беріп, кілт тоқтап:

— Не болды? Түсің қызарып кетіпті ғой, — деді сасқалақтап.

Мұқаш болған жайды анасына қалтырмай айтып шықты.

— Шығарып салмағаның ұят болған екен, — деді анасы.

— Апа, әлі кеш емес. Мен торы атпен оны кәзір-ақ қуып жетем, — деді Мұқаш. Сонсоң анасының қолынан ұстай алып:

— Маған көмектесші, апатай... Кәзір бәрі дұрыс болып шығады. апа! — деп жып-жып сөйледі де, өзі аттың қамыт сайманын алуға екінші бөлмеге кіріп кетті. Анасы қора ішінде тұрған жеңіл тарантасты шығарып, ыңғайлай бастады.

Мұқаш торы аттың қамытын кигізіп, жетектеп алып шықты. Атты екеудеп тез жегіп бөлді. Мұқаш тарантасқа секіріп мініп:

— Міне, кеттім! — деді қуанып.

Анасы оған шын сүйсініп, көз алмай қарап, тұрып қалды.

Мұқаш екі жолдың түйіскен жеріне лезде ағызып келіп қалды. «Қайсысымен кетті екен», деп ойлады. Ол арба үстінде түрегеп тұрып, алдына мойын созып қаралы. «Ескі сүрлеуге түспеген шығар», — деп ойлады да, басын Ақадырдан тура асатын даңғыл қара жолға бұрды.

Мұқаштың жобасы дұрыс болып шықты. Жолаушы осы жолмен кетіп барады екен. Дөңгелек сылдыры мен ат дүбірі құлағына келген жолаушы жолдың оң жағына шыға берді.

Жолаушы арбалының Мұқаш екенін анадайдан танып, кідіре қалты. Тор ат жолаушыдан өте беріп тоқтады. Мұқаш арбадан секіріп түсіп, жолаушыға жүгіріп келіп:

Ағай, мен дұрыс жасамадым, — деді төмен қарап. Екі беті қызарып ду-ду етті.

Жолдың екі айырылып кететіндігі сіз ұзап кеткен соң



тана есіме түсті. Айқайлап тоқтатуды әдепсіздік болар деп ойладым, — деп Мұқаш сөзін бөліп-бөліп айтты.

Оқасы жоқ, — деді жолаушы күліп, — айыра сұрамаған мен айыпты. Сенің әдейі келіп айтқаның — мені сыйлағаның. Әдептілік деген осы болады.

Ол осы сөзді айтып, Мұқаштың ісіне сүйсінгендей, арқасынан қақты.

Мұқаштың бойы жаңа сергіді. Иығынан басқан ауыр салмақ кейін серпіліп, көңілі жадырап қоя берді.

Олар осы бетімен кейін бұрылып, вокзалға келді. Жолаушы билет алып, арба қасына келгенде Мұқаш бір нәрсе ойланғандай, жағын таянып отыр еді.

— Мен кәзір ораламын, — деді ол жолаушы жақындай бергенде. Жалма-жан тор аттың делбесін қағып, ауылға қарай шаба жөнелді.

Мұқаш поезд жүргелі тұрған мезгілде келді.

— Ваом ағай, — деді ол ақ қағазға сәндеп оралған кітапты жолаушыға ұсынып, — Лекке берген сәлемдемем. Быйыл жазғы демалысқа келгенде Әмеди ағайымның Алматыдан маған ала келген «Тимур және оның командасы» деген кітаптың қазақшасы. Өте әдемі, екінші басылуы. Өзімде біреуі бар. Ішінде, Лекке жазған хатым бар. Ол маған хат жазып тұрсын, жарай ма? — деді.

Паровоз жүруге белгі берді.

— Жақсы, Мұқаш, бәрін де айтам, — деп Ваом Мұқаштың кішкене саусақтарын қысып: — Қош! — деді.

Арада бірнеше күн өткеннен кейін Мұқаш Лектен хат алды. Ол әкесінің курортта жақсы тынығып қайтқандығын, өзінің қалай оқып жүргендігін, Мұқашты көргісі келетіндігін жазыпты.



## Ұырағы бала

Кешкі уақыт. Күн батып бара жатқан кез. Аспан бұлтсыз, ашық. Таң алдында жауған қар жел үрлеп боратпаған соң, әлі сол ұлпа күйінде көбіктеніп жатыр. Оның беті сәуле түскен шыныдай жалтылдап, көз ұялтады. Алыстан қар жамылған тау да мұнартып, бұлдырап көрінеді.

Ертеңгі сабағына әбден дайындалғаннан кейін осындай әдемі, ашық кеште сырғанақ тебуді өте ұнататын Самат бір кісілік жаяу шанасын сүйретіп, үй сыртындағы, сырғанақ тебу үшін әдейілеп үйілген биік қырға шыққан еді.

Қарды биік етіп үйіп алған да өзі.

Самат төмен сырғыр алдында шанасын туралап қойып: «Жолымда біреу жоқ па» дегендей, жан-жағына қарап

алатын. Қазір де сол әдетімен оң жағына бұрылып қарай бергенде, өзінен сәл қашық ауыл іргесіндегі селдір ағаштан шыға берген кішірек ит тәріздес бір аңды көріп қалды. Түлкі емес. Жоңы ақ, сарғыш келген бұл аласа аңда қорқып қашқандықтың да белгісі жоқ. Тура құс қорасына қарай бет бұрды. Не де болса қайда барып тоқтарын күту керек.

Шана үстінде отырып, танымаған аңға күдіктене қарай қалған Самат одан көзін тайдырар емес. Жаңа-жағына жалтақтай, аяғын еппен басып, қардан басы ғана көрінетін сояу шөптердің арасымен кетіп бара жатқан аңнан көз жазып қалам ба дегендей, шұқшыя түседі.

Құс қорасы онша алыс та емес, Самат үйінің сыртындағы ағашқа таяу салынған еді. Жаңағы аң қора тұсына келгендей болды да, одан әрі Саматқа көрінбей кетті. Жай жүрген дала аңының құс қамаған қорада несі бар? Самат тынышсыздама бастады. Оның ойына апасының бүгін таңертеңгі ренжіп айтқан сөзі түсті:

— Бүгін түнде екі қаз, оншақты тауық өліп қалыпты. Денелерінде бір аңның тістеген ізі бар. Не екенін біле алмай делсал болдым. — деп Ұмсын қатты ренжи сөйлеген.

Оның ренжитін де жөні бар. Үш жылдан бері колхоздың құс фермасындағы өзі күтіп, өзі баққан құстарды жылдан-жылға көбейтіп аман өсіріп келеді. Қарауында бірнеше ұя қаз бен тауық бар. Қартайғанда «құс бапшысы» атанған Ұмсынға өткен түнгі жайлар аса ауыр тиді.

— Ісімнен ақау шығардым. Енді құсымды өлтірген сол ұры аңды ұстауым керек, — деген болатын.

Самат көп кідірмей жүгірген бойда құс қорасына келді. Өзінше шамалап, сырт жағынан із қарады. Ол өзі көрген аңның ізін бірден тапты, үлпек қардың бетінде ап-анық көрініп жатыр. Қораның сол жақ бұрышына дейін жүріп барыпты. Бұл тұс — құстар жемі үйілген қораның бір бөлімі еді. Саматтың шешесі Ұмсын құстарға кеш алдында жем шашқаннан кейін бөлменің есігін бекітіп, кең қорадағы құстар арасында жүрген. Жаңағы кішкене аң оны білген жоқ.

Самат із таусылған жерге келді. Қора тал шарбақтан тоқып жасалған болатын. Тоқыма қабырғаның жермен астасқан жерінде тар тесік бар екен. Еңкейіп, сығалаған Самат жұлынып түскен құс жүнін көрді. «Осы арадан ішке кірген екен, —





деп ойлады ол. — Шығар жолына көп кідірмей қақпан құру керек. Енді ешқайда құтылмассын».

Самат жалма-жан аң кірген жерді таспен мықтап бекітті де, тағы қарт аңшының үйіне қарай жүгіре жөнелді.

\* \*  
\*

— Серіппесің аяғыңмен мықтап басып, қанды аузын әбден шалқайта қайырып барып, тиегін іл. Қолыңды шаппаға түсіріп алма. Қарт аңшының қалт кетіп, жаза баспас құралын дұрыс құрып, дұрыс қойсаң, аузына сыйрағынан ілініп түсер, аман құтылып кете алмас.

Саматқа қос серіппелі дөңгелек қақпанды беріп жатып, аңшының соңғы айтқан сөзі осы еді.

Кірген тұстан кері шыққан іздің жоқтығын көріп, қуанған Самат аңшының ақылында дереу қақпанды құруға кірісті.

Ол қақпанды құруға қанша айналғанын өзі де білмеді. Екі беті долыра қызарып, сүйкімді кара көздері күлімсірей жайнап тұр. Өзіне-өзі разы болып: «Тез болдым» — дегендей тершіген маңдайын алақанымен сүртті де, қақпан құрған жерге қарады.

Ол қақпан айналысындағы өзінің жүрген ізін де ұлпа қармен жауып жасырған-ды. Көз тоқтатып қараған жерінің бәрі де ешкім тиіп, аяқ баспағандай алғашқы қалыпында екен.

Бұл кезде күн батып, қараңғылық түсе бастаған еді. Самат сырт айналып келіп, қақпаны қаға бастады.

— Апа, менмін Саматпын, — деп дауыстады ол.

Ұмсын қақпаны тез ашып, Саматты өзі жүрген құс қорасына кіргізіп алды.

— Қалқам-ау, осы кеште неғып жүрсін? — деп сұрады ол баласынан.

Самат өзінің қақпан құрғандығын айтты. Ол аздан соң қонақтап отырған тауықтарды аралап, байқап келді де, жем үйілген бөлменің есігінен тың тыңдады. Қабырғаны бойлай жүріп, әр тұстан тықылдатып та қойды. «Жүрегің дүрсілдеп жатқан шығар! — деді ол сыбырлай сөйлеп. — Бәрібір, енді ешқайда құтылмайсың».

Бір уақытта оның құлағына сырт жақтан әлде бір жат ды-



быс естілгендей болды. Тура қақпан құрған жақтан шықты. Тыпырлап, қыңсылағандай болды.

— Қақпанға түсті, түсті — деп дауыстап жіберді Самат.

Енді тұрудың қажеті жоқ. Ол қақпанға умтылды. Қолына жуандау келген қайың таяқ алып, сыртқа шыққан күйі қораны айнала ентелей басып, жүгіре жоңелді. Бір-екі рет кесек қарға сүрініп, жығылып та қалды. Тура салып, қайта ілгері жүгірді.

Ол жақын келгенде бір-ақ байқады, жоны ақсары қылшықты, күйрығының ұшы қап-қара, мысыққулақ, от көзді, кішкентай аң алдыңғы аяғынан мықтап ұстап қалған қақпанның қанды аузын тістелеп, жанталасып жатыр екен. Баланы көріп, желке жүнін үрпитіп, қарай қалды. Самат жақындаған сайын аңды қарап, аузын ашып, біздеі үшкір тісін ақсытып көрсетеді.

Самат қорыққан жоқ. Ол қайың таяғын жоғары көтеріп, қақпандағы аңға жақындай түсті. Дәлдеп ұрып, талдырып түсер ыңғайын күтіп тұр. «Ұры сұм, қолға түстің бе?!» — дегендей құлшына умтылып, қара тұмсықтан салып қалды.

Саматтың соңынан Ұмсын да іле сыртқа шыққан еді. Баласы бірдеңені таяғымен салып қалғанын көре сала, солай қарай жүгірді. Ол қақпандағы аңды жақындағанда бір-ақ көрді.

— Сәулем! — деді Ұмсын жүгіріп келіп, ұлын қушағына алып, — Түндегі менің тауығымды өлтірген осы екен той. Өзің көріп, өзің ұстадың. Сүйдірші қырағы көзіңнен, ботам!

Ана баласын көкірегіне қатты қысып, мөлдіреген қара көзінен сүйіп-сүйіп алды. Шеше құшағында еркелей күліп тұрған Самат, сол жағына қайта бұрылып қарағанда, бүктісіп құлаған қарсақ күйрығы сәл дірілдей түсіп, демі бітіп бара жатты...



## Жұмбақ тас

Жана ғана алыстан көрінген қара бұлт түнере түйіліп, келіп те қалды. Әлсін-әлі аспан қак айрылғандай шатыр-шұтыр ете қалып, найзағай жалт-жұлт етеді. Тау қойнауында отырған үш бала төніп келген қара бұлтқа қарап тұр.

— Қатты жауып келе жатыр, — дейді жорық командирі Самат екі жолдасына.

Жаңбырдың алды суылдай келіп қалғанда ғана үш бала өздері құрған кішкене шатырға кірді. Жел әлі саябырлаған жоқ, кішкене шатырды екпіндей соғып, жұлқып-жұлқып өтеді. Жаңбыр күшейейін деді, шелектеп төгіп тұрғандай.

— Өткішші жаңбыр екен, қазір ашылады, — деді Самат шатыр саңлауынан тысқа көз жіберіп.

Ол қойшынан дәптерін алып, үйден шыққалы қанша жер

жүргендерін есептей бастады. Қағаз бетіндегі шартты белгілердің ара қашықтығын түгел қосып білді де:

— Шыққалы 10 километр жүріппіз, деді қуана сөйлеп, — Кешке дейін 6 километр жолды шолып шығуымызға болады. Саматтың қағазына үнсіз қарап отырған Достай:

Жаңбыр ашылмаса, ертең жүру керек, — деді.

— Сонда осы арада түнемекпісің? деп орақ мұрын, өткір қара көзді бала Кемел оған қияла кетті. — Жаңбыр жауған екен деп біз бүгінгі тапсырманы орындамаймыз ба?

— Тоқтай тұр, — деді Самат оның сөзін бөліп, — өлке тау тапсырмасы үшеуімізге бір берілген еді ғой. Жаңғандарымызды салыстырайық. Зерттеуімізде қандай айырма бар екен.

Бұл жолғы жорықта оларға берілген тапсырма Салшық тауының күнгеі жағында өсетін өсімдіктердің түрін зерттеу болатын.

— Менің байқауымша, — деді Кемел бұрыншырақ сөйлеп, — таудың батыс жағымен салыстырғанда шығысында қарағай көбірек өседі. Оған себеп: бұл тұстың тастақтау болып келуінен болуы керек.

— Мен де солай ойлаймын, — деді Достай.

Кемел дәптеріндегі жазғанына қарап отырып, тағы да жылдамдата сөйлеп кетті:

— Таудың етек жағында аралас өскен қайың мен терек жоғары өрлеген сайын селдірей береді. Одан әрі терек тіпті кездеспейді. Талдардың түр-түрін үнемі кездестіріп отырдым.

— Шие ағашы тіпті көп екен. Үнемі кездесіп отырды, деп Достай оның сөзіне жалғастыра сөйледі.

— Мұның бәрі дұрыс, үшеуіміздің де ойымыз бір жерден шықты, — деді Самат, — бірақ сендер ағаш түрін байқаймыз деп бұл араның басқа өсімдіктерін ұмытып кеткен жоқсыңдар ма?

— Жоқ, жоқ, — деді ана екеуі, — біз әртүрлі өсімдіктер дәптер арасына салып та алдық.

— Дұрыс, дұрыс, — деді Самат, — біз бұл зерттеуді оңайырақ болған себепті, әрі кеңірек қамтып білу мақсатымен бір-бірімізден едәуір қашық жүріп, жүргізген едік. Жазу жобамыз бір екен. Біз кәзір бүгінгі өлке зерттеу жорығымыздың екінші тапсырмасын орындауға шығамыз. Ол — осы бағытымыздағы тау жотасын, мұндағы гранит тастардың құрылысын байқау.

Бұл кезде өткінші жауын басылып, жел де саябырлаған еді. Өлгі бір мезетте аспанды басып, түнерген қара бұлт серпініп, тус-тұсқа ыдырай бастаған.

Жорықшылар кішкене кенеп шатырды жыйып, бүктеп алды. Аздан соң қапшықтарын иығына іліп, компаспен жол бағдарлап алды да, тау бөктерін жағалай, жоғары көтерілді.

Тау арқасына өрмелеген үш бала жан-жағына зейінін қатты аудара қарап келеді. Кейде жол бойында кездескен жақпар тастарға тамашалап қарап, демалуға отырысады. Қойынтарындағы дәптерлерін алысып, тас суретін, ол туралы өз ойларын жазды. Аздан соң тағы жоғары өрлейді.

Аласа бойлы Салпық қандай сұлу мүсінді тау! Иініне шоғырлана біткен қалың ағаш, ық жақ етегінде айдын шалқар көлі бар. Салпық өзінің ұсақ төбелерімен жалғасып, жоталанып, терістік-шығысқа қарай созылып кетеді. Тау басына шыққан жорықшыларға төңіректегі көріністің бәрі де тап аяғының астында тұрған сыяқты. Едәуір жерде өздерінің ауылы мұнартып тұр. Достай, екі жолдасынан оқшауырақ бұрыла бергенде, ұзын талшықты, салалы кендір секілді бұрын-сонды көрмеген ғажайып тас тауып алды.

— Жер бетінде көп кездесетін тастың бірі алтынды кварц. Әлде бұл сол ма екен? — деп ойлады ол.

Жас жорықшы бұл ойына сене алмады. Өйткені алтын, руда түрінде, жабайы кварц болып кездескенімен онда көзге әрен ілінетін жылтыраған тозаң болады. Егер сол ақшыл тасты лупамен не микроскоппен қараса, ұсақ алтын тозаңдарды тіпті анық көруге болады. Бұл қасиет Достайдың қолындағы мына таста жоқ. Кәдімгі дала тасына ұқсағанымен ондай қатты емес, жұмсақ. «Мұнда үлкен құпия сыр болуы керек» — деген қортындыға келген Достай, өзінен сәл ұзаңқырап бара жатқан Саматтарды шақырып алып, өз көргенін айта бастады.

— Мұндай тасты көрген емеспін, — деді ол, — өзі тасқа да, өсімдікке де ұқсамайды.

Бұл кендір тектес өсімдік шығар, — деді Кемел.

— Өсімдік болса, жерге бойлаған тамыры қайда? — деді Самат.

- Қурап қалған болар.

Қураған өсімдікті үгіп сындыруға болады ғой.

- Сонда тас болғаны ма?

Тасты да ұрып сындыруға болады.



— Онда бул не болғаны? Тас та емес...

— Я, тас та емес, — деп Самат терең ойға шомғандай болды.

Манадан үнсіз тындап тұрған Достай:

— Отқа жағып көрсек қайтеді? — деді жолдастарына. — Кендір болса отқа жанады ғой.

— Дұрыс, — деді балалар оны қостап, жанбаса, басқа бір ерекше зат болғаны. Қане, көрейік...

Үш жорықшы қол күректерін алып шағындау жерошақ қазды да қу бұтақ жыйнап әкеп, отқа жақты. Табылған жұмбақ затты от әбден шоқтанып, қызған кезде отқа салды.

Тау басында кішкене жерошаққа анталай төніп отырған үш бала жаңағы заттың жануын күтіп, ұзақ отырды. Отты қаншама қыздыра жаққанымен, ғажайып тас жанар емес. Қызулықты байқау үшін олар жуандығы сұқ қолдай домалақ темірді отқа салып, әбден қызарғанша күтті. Кендір сыяқты талшықты зат әлі жанған жоқ.

— Бұл отқа жанбайды екен, — деді Кемел.

— Я, жанбайды, — десті Самат пен Достай да. — Заты тас нәрсе отқа жанбайды. Бұл да сондай. Бірақ кәдімгі тас-тан жұмсақ. Қандай ғажайып тас өзі!

Жас жорықшылар бұған жауап таба алмай, ұзақ ойланды. Әлдене уақытта Самат:

— Мен бір ақыл таптым, — деді кенеттен ол, көзін алдыңғы жаққа жіберіп, — осы арадан онша алыс емес, мына тұста кен зерттеуші экспедиция бар, — деді қолымен нұсқап. — Мен ағайыммен бірге оларда кеше ғана болып қайтқанмын. Компас арқылы тура бастап алып бара аламын. Соларға көрсетсек қайтеді?

Бұл сөз Достайларға қатты ұнады. «Барайық» — деді олар да.

Достай жұмбақ заттың табылған жеріне белгі жасады. Самат жол компасын туралап ұстап тұрды да, компастың тілшесі 101 градусті көрсеткен кезде:

— Біздің жүріп келген бағытымыз оңтүстік пен шығыс арасындағы 104 градус, — деп жазды.

Одан кейін ол тұрған жерінен қанша градус батысқа қарай аурыла жүретіндерін компастың магнит тілшесі арқылы белгілеп, екі өлшеудің арасындағы айырманы тапты. Бұл кезде Кемел мен Достай осы жердің сырт көрінісін картаға түсіріп

алған еді. Аздан соң жорықшылар экспедиция жатқан жаққа асыға жүріп кетті.



Жорықшылардың жұмбақ тас тапқан алқабын геолог Жакып ұзақ қарап, көп тексерді.

— Осы тастардан, — деді Жакып тау бауырындағы жақпарлы қара тасқа келгенде, табиғаттың өз күшімен көк-жасыл әдемі теңбіл тастар пайда болады. Оны «серпентин» деп атайды. Серпентиннен никкель, хром, кейде платина да жасалады. Серпентиннің кендір секілді талшықты түрі бар. Оның ұзын салалы сапалы түрін «асбест» дейді. Сендердің бұл тапқандарың сол асбест.

Үш жорықшы геологтің сөзін ынталана тыңдап тұр еді:

— Асбестің өндіріс үшін қандай пайдасы бар? — деп сұрады Самат.

— Асбесті кұрылыс жұмысына, қағаз өндірісіне қолданады. Жылу-электр және дыбыс өткізбейтін зат есебінде кең пайдаланылады.

— Кендірден жасалатын арқан осыдан жасалмай ма? — деді Кемел.

— Жасалады. Асбестен киім де тоқыйды. Ол киімдер берік және отқа күймейтін артықшылығы болғандықтан, оны көбіне өрт сөндірушілер кнеді. Металлургия заводтарында көп жұмысшылар асбестен жасалған қолғап кнеді. Олар бұл қолғабын жуып әуреленбейді. Кірлегенде жапып тұрған пеш ішіне тастап, әбден қызарған соң барып алса, тап-таза болып шыға келеді. Өзі отқа жанбайды, сыртындағы майлы кірі күйіп кетеді. Оған әдейілеп жуудың ешқандай керегі жоқ, — деді геолог.

Ол бұдан кейін де балаларға бірнеше қызық-қызық әңгімелер айтып берді. Жас жорықшылардың ісіне сүйсініп тұрып, қуана сөйледі.

— Бұл тастар Салпықтан 12 километр қашықта тұратын Кәкшелі тауынан да жақында табылған еді. Бірақ оның көлемі аз, әрі сапасыз болып шықты. Салпықтан тапқан сендердің бұл алғашқы табыстарың жаңа табыс. Менің зерттеуім бойын-

**ша**, мұның көлемі де, қоры да мол сыяқты. Сендер Отанымыздың қоғамдық шаруашылығына көп пайда келтіретін болдыңдар, — деді Жақып.

Ол үш жорықшының кезек-кезек арқасынан қағып, беттерінен сүйді.

Балалар қуанып:

— Біз әлі де көп жаңалықтар табамыз! — деді қосыла сөйлеп.

Жақып балалардың қуанышты жүзінен зор келешек жемісінің үмітін сезінгендей, оларға күлімсірей қарады.





## Қарт аңшы әңгімелері

### Жылқышы

Балалар сендер жылқышы деген құсты білесіңдер ме? Ол қара тағандай ғана құс. Бірақ одан биік. Тұмсығы сорайған, аяғы да ұзын, көбіне қара сулы, көлді, батпақты жерлерді жағалап жүреді. Тұмсығы да ұзын, су түбіндегі өсімдіктерді тез жұлып алуға икемді-ақ.

Осындай жылқышының бірі Омар дейтін қарт аңшының аулына жақын жердегі кішкене камысты көлдің жағасына ұя салған еді. Оны ешкім көрген жоқ болатын.

Бір күні аннан кештетіп қайтып келе жатқан Омар, дәл аяғының астынан ұша жөнелген жылқышыны байқамай қалды. Ол ұша жөнелген құсқа таңқалғандай мелшиіп қарап, тұрып қалды. Жылқышы оқ бойы ұшып барды да жерге қонып, қанатын жайып жүгірді. Анда-санда даусын шығарып тап жылқы

баққан жылқышыларша ысқырып, Омарға жалтақ-жалтақ қарап қояды. Омар орнынан қозғалмады. Бір ұшып, бір қонған құсқа қарап тұр. Жанталасқан құс бір кез жоғары көтеріліп, алысқа ұзақ ұшып барды да, аңшы орнынан жылжый қоймаған соң, қайта бұрылды. Аңшыға жақын келіп қонып, тағы да ысқыра бастады.

«Бұл неге бүйтіп жүр?» деп ойлаған Омар маңына көз салып, оң жағына бұрыла беріп еді, тап қасынан әдемі дөңгелек ұяда бұғып жатқан кішкентай балапандарды көрді. Кенет тоқтай қалып, ұяға үңілді.

— Қандай тату достар! — деді ол таңырқап.

Бұларға сүйсіне, тандана қараған қарт аңшы иығындағы мылтығын жерге қойды да, шеткері жатқан біреуін ұстап көрмек болды. Ол қолын соза беріп еді, жас балапандар қорыққандай біріне-бірі тығыла түсті.

— Қорықпа, қорықпа, — деді аңшы ақырын ғана күбірлеп. — Мен тимеймін.

Ол дереу ілгері созған қолын кейін тартып ала қойды. «Сенен неге қорықты олар?» — деп танданғандай алақанына қарады. Ұядағы балапандар төртеу. Оның бірі Омарға тым кішірек секілді көрінді.

— Сен жұмыртқадан жаңада ғана жарыққа шыққан шығарсың-ау? — деп жас балапанға көз алмай ұзақ қараған Омар: — Ұзын аяғың әлі еркін басуға келмей жатыр-ау! — деді жымыйып. — Әйтпесе ендігі жүгіріп, қалың шөп арасына сүңгіп кеткен де болар едің-ау, ә?

Манадан бір қонып, бір ұшып жүрген жылқышы қарт аңшының төбесінен бір-екі рет жақындай өтті де, бір кез түйіліп кеп, оның басындағы бөркін қанатымен қағып кетті. Омар шошынғандай «әй!» — деп қалды. Дереу бөркін екі қолымен бірдей баса қойды. Қасында бөтен адам жоқ екенін аңғарған Омар өзінің шошытқан жылқышы екендігін бірден біле қойды.

— Ә, сен екенсің ғой! — деп күлді ол. Төбеде ұшқан жылқышыға: — Тимеймін балаларыңа, тимеймін! — деп дауыстады. Мылтығын дереу иығына іле салып: «Үйім ана жақта, енді кетемін», — дегендей, бөркін алып, бұлғап қалды. — Ал, сау болыңдар, достарым! — деді ол кетерде ұядағы балапандарға. — Мен сендерді қорғыштап жүрермін...

Қарт аңшы осыдан кейін күн сайын ұядағы балапандарды сырттан бақылап жүрді. «Жақын келсем, тағы да тынышты-

ғын бузармын», деп ойлаған ол, алыстан келіп, байқап қайтатын. Елеулі ештеңе көзіне түсе қоймаған соң жай басып, баяу ғана ән салып, келген ізімен кері кететін. Өз ісіне сүйініп, қуанғандай көңілді жүрді.

Омар әр күн аңға шыққан сыйын олжалы қайтады. Үлкен олжамен бірге дала аңдары туралы талай әңгімелер де айта келеді. Соның бірі өзі көрген жылқышы туралы әңгімесі еді. Сөз соңында:

— Балапандары өсіп келеті. Мен оларды сырттан қорып жүрмін. Жас балапандарды жыртқыштың аузына түсірмеймін. — деп ұзын бурыл сақалын сыйнап қояды.

Ол кенет уақытқа бірден тап болды. Жылқышы қуе түнеу күнгі күтпеген кездесуден бері көрінбеген соң: «Менен жасырынып жүрген шығар» деп ойлайтын Омар. Бір күні әдейі байқамаққа ертемен ұяға келіп еді, уя бос қалған. Балапандардың бірі де жоқ, «Ұшып кеткені ме?» деп ойлады ол. Бірақ, ұшуға әлі қанаттары қарақанат болып қатпаған еді ғой».

Достардың қайда кеткенін біле алмай, аң таң болған Омар аңырып, үнсіз тұрып қалды. «Қашан кетіп қалды екен?» деп те ойлады ол...

Күн көкжиектен жаңа көтеріліп келе жатқан кез еді. Жел сіз, ашық күн. Даланың бозша торғайы аспанға шарылдай көтеріліп, ән салды. Бір кез бір орында қалықтап тұрып алып, ақырын басып келе жатқан Омарға қарағандай болады.

\* \*  
\*

Омар алғашқы көріп қалған күні-ақ жылқышы балапандарын екінші бір жерге алып кеткен еді. Содан бері қарт аңшының көзіне түспей, көлдің батыс жақ шетіндегі қалың шөптің арасында күнелтіп жүрді. Балапандары да қарақанат болып жетіліп қалды...

Күн батып бара жатқан кез еді. Жем іден, селдір, сояу шөптердің арасымен тіміскілеп жортып кезген бір түлкі, әлі ұшуға еркін жетіле алмаған балапандарды көріп қалды. Ол көл жиегіндегі қалың шөптің арасына сүңгіп кеткен балапандарды иіскелеп, ізіне түсіп, қуа жөнелді. Жылқышы балапандарын ілгері асырып жіберді де түлкі өзіне тақала бергенде.

оңға жалт бұрылып, кейін қарай жер бауырлай ұшты. Түлкі оны қуа жөнелді. Жылқышыға түлкі жетер-жетпестей болып, баяу ұша берді. Түлкі тоқтай қалса, ол да қалықтап жерге қонып, қанатын сүйрете жүгіріп, мойнын созып, ысқырып қояды. Дәмеленген түлкі оны ұстамаққа тағы қуып ала жөнелген елі, жылқышы бірден аспанға көтеріліп кетті.

Көп қуып, ашынған түлкі енді оның ұстатпасын біліп, алғашқы балапандарды көрген жеріне қайтып келді. Шәп арасымен бұға қашып бара жатқан балапандарды көріп те қалды. Аузын кең ашып, көзі қанталап, балапанды қағып түспекке ұмтыла бергенде, сол жақтан кенет тарс еткен мылтық даусы шықты. Екпіндей алға қарғыған түлкі басын төмен ала шаншыла құлады. Мұны атқан Омар еді. Ол үйге қайтып келе жатқан бетінде: «Алғашқы достарым кездеспес пе екен?» — деген өймен әлейі осы маңға көз жүгіртіп келе жатқан. Ол не таныс балапандарды қуған түлкіні көріп қалған еді. Ол өлген түлкінің қасына келіп, қарап тұрды да:

— Біреуге өлім іздеген өзін өлтіріп тынады, — деді.

Омар үйіне қайтқанда жылқышы кұс разы болғандай, алдынан әлденеше рет кесе-көлденеидеп ұшып, көп жерге дейін шығарып салды.

## Шымшық пен қара торғай

Омар енді бірер сағатта аңға шығушы еді. Ол ауызғы бөлмеге келіп, жабдығын сайлап алды да, тамаққа отырды. Терезе алдындағы дөңгелек столда аңшының тамағы күні бұрын дайындалып қойылған еді. Ол бір шетінен іше бастады. Бір уақыт терезеден сыртқа көз тастап қойып отырған Омар, ұяға таласқан шымшық пен қара торғайды көрді. Терезе алдында үлкен терек болатын. Теректің биік, жуан бұтағының бірінде шымшыққа арналып жасалған үйшік шегелеулі тұратын. Бұған шымшық ұя салды. Дәл кәзір ұшып келген екі қара торғай бұл үйшікті өздері иемденіп алғысы келді. Қастарынан кетпей шықылықтап тұрған шымшықты қуып жіберді. Шымшық оларға тиісуге бата алмай, үйшікті қайта-қайта босқа айналып ұша берді. Үйшіктің аузына қонып, ішіне басын сұғып қарайды. Кіруге бата алмай, қайта ұшып, ағаш бұтағына қонады.

Мұны көрген қарт аңшы ашпалы терезеден сыртқа басын шығарып қарады да, қара торғайға:

— Зорлық қылуға болмайды! — деп дауыстады. — Оған тиме. Менде саған арналған үйшік бар.

Қара торғайлар да, шымшықтар да оның даусынан үркіп, ұшып кетті. Омар орнынан тез тұрып, екінші үйшікті дөңгелектің бір бұтағына апарып, шегелеп қойды.

Ол киініп, сыртқа қайта шыққанда, екі торғай жаңа үйшіктің аузына қайта ұшып келіп қонды.

— Міне, енді дұрыс! — деді Омар аңға кетіп бара жатып.



## Биббой

Таңсәриден басталған жұмыс әлі тоқталған жоқ. Тым-тырыс қапырық күн. Таң алдында аздап пайда болған бұлттар түске таман бет-бетімен бытырап, тарап кеткен. Тек әлдеқайдан, алыстан түтілген ақ түбіттей жіңішке ақшыл бұлт қана көрінеді. Бірақ оның да сұры қашып, шұрық-шұрық тесілген, қол шатырдай папа боларлық та жайы жоқ. Тас төбеден шаңкыйған күн қызуы жер қыртысын күйдіріп жатқандай. Маңайда сая боларлық не ағаш, не бұта жоқ. Арқасы жалтырап, жалаңаш жатқан қу дала.

Ыстықтан қорынып, көйлегін шешіп, басына орап алған Биббой қатты сусады. Шаң-топырақ басып, қап-қара болған көскінінен жылтыраған тісі ғана көрінеді. Жалаңаш жауыршаң күн қақтап, күйдіріп барады. Бұл жолғы үлкен жүк

машинасын көптен қалмай, уақытында жөнелтер халі жок. Өзегі талып, бойынан әл кете бастады. Ол бір күрек кумды машина кузовына зорға көтеріп салты. «Неге толмайды бұл?» Қоңырқай бояулы машина жәшігі Биббойға қан жутып, қаһарын тіккен аждаһадай көрінді. Айналған қалың кара шашының түбі шайырлашып, самайынан төмен сырғып аққан тер жағын қуалай келіп, негінен төмен домалап кетеді.

Ол анадай келіп тоқтаған жеңіл машинаша жаңа байқалды. Үстінде алажолақ костюмы бар Ли Уольтер қонқыған талпағын баса киіп, құм тиеушілерге қарай беттеді. Ол Биббойды алыстан көріп, қыймылып байқап келе жатқан. Келген бойда Биббойға қарап:

— Мүмкін, шаршаған шығарсың? — деді аянашып.

— Жоқ, — деді Биббой.

Ол Ли Уольтердің сыйқырлы жүзінен түк те аңғармады.

— Сен жұмысты жақсы істейсін, — деп Ли Уольтер мыйығынан күліп қойды. — Бері қарашы... Өзің айтшы, күннен-күнге семіріп келе жатқан жоксың ба?

Биббой үнсіз тыңдап тұра берді.

— Неге үндемейсін? Сендердің тұрмыстарың өте жақсы емес пе, ә?.. Бірақ сен бұл тұрмысқа разы емес деседі ғой жұрт.

Бұл бала жайында ол бірдеңелер естіп келген еді.

Ли Уольтердің қулана жымыйып, кейін тартыла қалған езуіне көзі түскен Биббой:

— Мен жаман тұрмысты жек көремін, — деп қалды.

Ли Уольтер оған жақындай түсті.

— Я, сенің осындай сөздерің ғана жақсы негр екенінді көрсетеді, — деді ол күлімдеп. — Айтшы, тағы нелерді ұнатпайсың?

— Мен соғысты жек көрем, — деді бала, — менің әкем өткен соғыста өлген.

— Я, оны естігем... Соғысты жек көретінін де білемін. Сені желіктіріп жүрген кім? Маған соны айт! — Оның бетіндегі күлкісі әп-сәтте көзден ғайып болды.

— Жоқ, — деді Биббой сасқалақтап, — ешкім де желіктірген жок.

— Мм!.. — деді Ли Уольтер.

Уольтер түксініп, тікірейген қасын төмен түсіріп жіберіп, Биббойға сүзе қарады. Оның сопақша беті, ілгері қарай үшкір-

лене біткен мурны қасына еріп келе жатқан ақ итінің сүйір тумасығындай еді. Ли Уольтер Биббойға енді ашумен түйіліп, иттей арс етіп ала түскелі тұрғандай.

Қожасының ызғарлы суық түсінен жасқанған Биббойдың күрек ұстаған қолдары қалтырап кетті. Тас аралас ауыр құмды биік машина кузовына көтеріп лақтырып тастай алмай, шапшаң алды.

— Шапшаң, шапшаң! — деді Ли Уольтер оған жекіріп. — Саясат сенің не теңің?! Жөнелт тез машинаны! — Ол Биббойды таяғымен түрткілеп: — Тез-тез! Жалтақтама, кара күшікі! Тек жұмысты біл! Сендер соған жаралғансыңдар, ұқтың ба? — деді.

Биббой үндемеді. Тан атқалы ересек жұмысшылармен бірге машинаға тоқтаусыз құм тиеген 16 жасар негр әбден қалжырады. Әлі құрып, аяғын теңселіп басады. Кеше түннен бері нәр алмаған іші қабысып, өзегі талып, жүрегі төмен тартып барады. Бір кез көзі бұлдырап, басы айналып кеткендей болған Биббой сүрініп кетті. Маңдайы тасқа тие жаздап, күрегіне сүйеніп, қайта түрегелді. Оның қарсы алдында өңі қызыл күренденіп, — Ли Уольтер тұр.

— А, қулық еткің келе ме сенің? — деді ол Биббойға ашумен булығып төніп кеп. — Үйрету керек сендерді!

Сол сәтте Ли Уольтердің қолындағы таяғы жоғары көтеріле беріп, шүйіліп келіп, Биббойдың ораулы басына сарт ете қалды.

Биббойдың көзі мұнартып, түк көрмей кетті. Жер-дүниені бір ғажайып алып күш айналдырып жібергендей болып, шыр дөңгеленіп, аударылып бара жатты. Құз жардан тұнғыйыққа сырғып кеткен адамдай жан ұшырған Биббой қолдарын ербеңдетіп:


— Өл... дім... — деді де, шалқалай беріп құлап түсті...

Биббой есінен танып қалды. Бір кезде есі кіріп, көзін ашса, қарш-қарш құмға кадалып, тасқа тиген күрек шақыры да, гүрілдеген машина даусы да естілмейді. Алды-артын түгел қоршаған түн қараңғылығынан түк көрінбейді. «Қайда жатырмын?» деп ойлады Биббой.

Көктегі жымындаған жұлдыздар ғана бишара негрмен құлақ түріп сырласқандай, көмескі жарығын тура бетіне түсіріп: «Тұр, Биббой.» — дегендей болады.

Тілсіз тұн құшағында ессіз қалған кішкентай негр бір кезде





басын көтеріп, маңына көз салды. Күндізгі жайлары есіне түсіп, тұлабойы тітіркеніп кетті. Ауру анасы мен қарындасы Айсатаның жүдеу қалпы көз алдынан елестеп, алдағы буалдыр күндеріне көз жіберді.

Ол орнынан зорға тұрып, үйіне қарай беттеді. Жол бойы «Мені ғой жұмыстан шығарады, ауру анам мен Айсатаны енді қалай асыраймын?» — деген қауып оның ойынан кетпеді.

\*

— Жыламашы, Айсата, — деді Биббой тамақ ішкісі келген қарындасын аяп. Ол Айсатаны сөзбен жұбатпақ болды.

— Айсата, мен саған кеше көпәңгіме айтып едім ғой, ұмытқан жоқсың ба? Неге үндемейсің?.. Білдім, сен ұмытып қалған екенсің, — деді күліп.

— Жоқ, — деді Айсата жұлып алғандай — ұмытқам жоқ.

Ағасы қарындасының үрпиген шашын қолымен тарап, жөндеді де:

— Сен ақылдысың, Айсата, — деді қарындасына, — сен әдемісің.

Ағасы қарындасының иіліп біткен жіңішке қасына, қап-қара болып мөлдіреп тұрған көздеріне, дөңгелек келген әдемі жүдеу жүзіне аянышты көзімен сүйсіне қарады.

— Биббой, — деді Айсата оның ойын бөліп, — қарным ашты.

Айсатаның көзінің бұрышында тұрған кішкентай жас түйірі де қырлана біткен мұрнын қуалай төмен домалап кетті.

— Айсата, — деді де, Биббой мазалама дегендей, үнсіз қозғалмай жатқан ауру шешесін көрсетті.

Айсата жылауын қоя қойды.

— Біз далаға шығып келеміз, — деді Биббой шешесіне бұрылып.

Ол қарындасын жетектеп, тысқа шықты.

Ауру ана олардың үй-үйдің терезесінің түбінен қалған-құтқан бірдеме табылмас па екен деп, көшеге тамақ іздей шыққандарын ішінен сезіп жатыр.

Биббой өткен жолы Ли Уольтердің таяғынан талықсып далада қалған күннің ертеңіне жұмыстан қуылған. Содан бері шешесінің аузына азынаулақ жылымшы сорпа да тимеді. Күннен-күнге нашарлап, ауру меңдетіп барады. «Бір бейнетке кез

болмаса жарар еді», - деп ойлады балаларының жолын тастаған ана. Оның тынысы тарылғандай болып демі үзіліп шықты.

Биббой мен Айсата үйден біраз ұзап шығып кеткен елі

— Енді қайда барамыз? — деп сұрады Айсата.

— Станцияға, — деді Биббой.

Олардың станцияға келуі жалғыз бүгін ғана емес. Көшпелі бойынан ештеме таба алмаған аштар күнде осында келіп, вокзалдың айналасында сыртта жолаушылар отыратын жерлерді жағалай шолып, мүжілген сүйектер мен жонып тасталған нанның күйік кесінділерін, шала желінген жеміс қалдықтарын тәрлетіп. Мұндайлар кей күндері көбірек табылып, балалар қуанышысып қалатын. Бүгін де екеуі осылай қарай сол мақсатпен беттеп келеді.

— Көп олжа табар ма екенбіз, Биббой? — деді Айсата келе жатып.

Биббой оны қолынан тартып тоқтатып:

— Сен дауыстай берме. Бізді бұл арадан қазір қуып жібереді, — деп сақтандырды.

Олар үлкен қоршауды айналып өтіп, жүргіншілер тоқтайтын жерлерді аралап, жерден жидек іздеген адамдай төмен көз жүгіртумен болды. Бір жақта өздеріне ұқсаған арық балалар шұқырға жыйналып, іркіліп қалған жуынды суды тартып басқан ескі консерві қаңылтырмен ішіп жатыр. Күнде осы арада тамақ іздеп жүретін ұйпаланған сары шашты жетім баланы Биббой бірден таныды. Сол кезде бір жұмысшының «Жалақы», «бейбітшілік» деген Американың әрбір жұмысшысының Ли Уольтерлер ит етінен жек көреді» — деген сөзі Биббойдың есіне түсе кетті. «Мүмкін, бұл баланың әкесі сол ұштан ұсталған болар», — деп ойлады Биббой.

Өзінің неге келгенін ұмытып кеткен Биббой Айсата атынан атап шақырғанда бір-ақ қарады. Қыз бала тырбылған пәлсіз саусақтарымен темір дінгектің түбін тырналап жатыр.

— Биббой, — деді ол тез сөйлеп. — Мен олжа таппам міне көр...

Кішкентай Айсатаның қара қошқыл жүзі болмашы қызыл тартып, сәби көздері күлімсіреп тұр. Ол қопарған төмен рақ арасынан шала желінген жеміс қалдықтары көрінеді.

— Көрдің бе, Биббой, мінеки, — деді Айсата ағасына балшыққа көміліп, сырты көгерген лимонның жартысын көрсетіп.

Ол шіріген лимонды тізесіне жетер-жетпес кір көйлегінің

етегіне сүртті де, аузына салды. Ашыққан қыз комағайлана асап, шала шайнап жұтып жатыр.

— Мә, Биббой, сен де же! — деп жеміс қабықтарының арасынан жұлқа-жұлқа болып қалған тағы бір лимонды ағасына ұсынды.

Биббой шетінен бір тістеп көрді де, жиіркенгендей тыжырына қалды. Жұрт аяғының астында көн-қоқырға, топыраққа былғанып жатқан лимонның дәмі оның жүрегін айнытып, құсысын келтірді. Бір-екі лоқсып қалып, тына қойды.

Жас Айсата ештеме аңғарған жоқ. Ол барлық лимон қалдықтарын жыйнап, теріп, мойнындағы кішкентай дорбасына салды. Жұмыс үстінде өзі де тойып алды. Енді су іздегендей орнынан тұрып, манағы топ бала үймелеген шұқырға бет ала беріп еді:

— Айсата, — деді Биббой оны тоқтатып. Станция алаңындағы қарулы палицейскийлерді көрсетіп, қарындасының құлағына: — кетсек кайтеді осы арадан, — деп сыбырлады.

Полицейскийлерді жаңа байқаған Айсата қорқып кетті. «Қазір ұстап алып қамап қояды екен», — деп ойлады ол. Пана іздегендей Биббойға тығыла түсті.

— Тез кетейік, — деді Биббой.

Екеуі арттарына жалт-жалт қарап, қоршау сыртына шықты да, оңға бұрыла беріп, үлкен ақ үйдін тасасына түсіп көрінбей кетті.

Қаланың шет жағындағы тым нашар үйлердің көпшілігінде негірлер тұратын. Екеуі солай қарай асыға жүріп, үйлеріне тез жетті. Кішкене дорбасын жоғары көтеріп, бүгінгі олжасына қуанғандай. Айсата табалдырыққа жүгіріп шықты.

— Токташы, — деді Биббой оған. — мынау біз кеткенде жоқ еді ғой.

Айсата Биббой нұсқаған жаққа қарады. Аласа есік мандайшасында төрт бұрышты жұқа қаңылтыр тұр. Ондағы ірі жазуларды қаншама үніле қарағанмен Биббой таный алмады. Онда былай деп жазылған еді: «Бұл үйде тұрған адамдар мемлекетке пайдасыз болғандықтан қуылып, үй адал еңбек ететін негір жұмысшысына жалға беріледі».

Түрлі ойға шомған Биббой тұлабойы ауыр тартып, есікті ақырын ашып, ішке кірді. Халін білмекке ауру анасына келді. Оның артынша үйге жүгіріп кірген Айсата:

Апа, — деді дауыстап. — біз келдік! Ол жырым-жырым

Жішкене дорбасына қолын салып, картоп қабықтарын шығарып жатыр. — Қазір Биббой екеуміз саған сорпа істеп береміз.

Шешесінде үн жоқ. Өңі солған гүлдей қуарып, ажары кеткен. Тал-тал ұзын кірпіктері төмен жығылып, үлкен кара көздері енді ашылмастай жұмылып қалған. Кезерген еріндері бір-біріне сәл түйісіп тұр. Омырауы ашылып, оң қолы төмен салбырап, сыз еденге тиіп жатыр. Басын есік жаққа бұрыпқыраған, маңдайынан көзінің алдына қарай түскен жалғыз тал шаш та қозғалмайды.

— Апа! — деді Биббой шошып кетіп, — апа, көзіңді ашышы...

Сорлы ана неге үндемейді? Әлде балалардың келгенін білмей, шырт ұйқыда жатыр ма?

— Апа!, — деді Биббой тағы да.

Биббой шешесінің төмен салбыраған қолын көкірегіне басқан күйі ашық омырауына алақанын тигізді. Ананың мейрімді асыл жүрегі соғуын тоқтатқан.

— Апа!..

Биббой жыламсырап, өнбойын «өлген» деген суық ой қарығандай, ананың жансыз денесін аймалап, құшақтай алды.

— Апатай!, — деді ол солкылдап жылап. — Көзіңді ашып бір қарашы, апа — жа-н!..

— Биббой! Апа! Биб... — деді үрейленген Айсата.

Ол анасын құшақтап, жылап жатқан Биббойға жақындап, көздері шарасынан шыға үлкейіп, құшағын жаза беріп, тұрып қалды.

Сол кезде есікті жұлқып ашып, екі адам үйге кіріп келді. Оның бірі — Ли Уольтер еді. Қасында револьвер асынған полисмен.

— Полиция орнына бүгін хабар ет, өлімтікті далаға шығарып тастасын, — деді Ли Уольтер полисменге.

Биббой бойына қайрат біткендей, жасқанбай орнынан тұрып, Ли Уольтерге тесіле қарады. «Айуан, — деді ол ішінен, — анамды аштан өлтірген сен!»

Ли Уольтер Биббойдың тізесінен сәл төмен түскен жырым балақ шалбарының жыртығынан таяғымен қатты түртіп қалды да:

— Мына кара сыйрақ бұл маңнан тез қуылуы керек. Саяси сенімсіз адам. — деп, сырт айнала беріп. — үй шаруасына

жарап қалған екен, алып жүр мына қызды. — деді полисменге.

Айсата жылап жіберді. Полисмен алдына көлденең тура қалған Биббойды итеріп тастады да, Айсатаның талдай білегінен шап беріп ұстай алып, сыртқа сүйрелей жөнелді.

Апа... Биб-бой! — деп шыңғырды Айсата.

Жауыздар!.. Босат оны! — деп жанұшыра айқайлаған Биббой есіктен шыға берген полисменнің қолынан ұстай алды.

Түсі сұп-сұр болып, аузынан түкірігі шашырап, бұрқыраған полисмен:

Қоймадың ба сен! — деді де, Биббойды жұдырықпен жақтан салып жіберді.

Бишара Биббой аузы-мұрнынан қан кетіп, табалдырықтан етпетінен құлады.

Биббой қан басып кеткен көзін шала ашып қарағанда, Ли Уольтер отырған жеңіл, қара машина жалт беріп, оңға бұрылып кетті. Қарындасының қайғылы үні құлағына еміс-еміс есілді..

...Биббой бір кезде алаканымен жер тіреп, басын көтерді. Соған қаланың темір жол станциясы жақтағы үлкен көшесімен қиптай жүріп келе жатқан қалың топ көрінді. Алдыңғы қатардағы жұмысшының қолындағы желбіреген ту жоғары көтеріліп, халық күшін бір сапқа қол былғап шақырып тұрғандай. Әр тұстан жоғары көтерілген ірі, анық жазулы плакаттар көзіншегің білдіріп тұр.

«Біз қайыршылық өмірге, апатқа ұшырататын соғысқа қарсымыз!»

Биббой ту ұстаған жұмысшыны алыстан таныды. Бойына қор қайрат біткендей тістеніп орнынан тұрып, соған жетуге тырысты...

## МАЗМУНЫ

Барлаушы профессор	3
Менің достарым .	17
Әбілдің кателігі .	30
Кұрбылар . . . . .	35
Кездесуден кейін .	39
Қырағы бала	45
Жұмбақ тас . . . . .	50
Қарт аңшы әңгімелері .	57
Биббой . . . . .	62

**Н. ГАБДУЛЛИН**

**МОИ ДРУЗЬЯ**

*Сборник рассказов*

(На казахском языке)

Издание Казгослитиздата—1951

Редактор *И. Иманкулов*  
Художник *О. Кужеленко*  
Художественный редактор *П. Дубров*  
Тех. редактор *Е. Круглов*  
Корректора *Л. Ашкеев, Б. Омаров*

Подписано к печати 29-VIII-1951 г.  
Изд. № 127. УГ06111. Бум. 70x92<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
— 2,25 б. л. и 5,25 п. л. (Уч.-изд. 4,75 л.)  
Тираж 15000 экз. Цена 3 руб. 40 коп.

г. Алма-Ата, Гостипография № 1  
Казниолиграфиздата. Зак. № 465.